

Дарсиге кім көмектесе алады...



Дарси

Джони Эрексон Тада



Джони Эрексон Тада

Дарси

Дарси өзінің мінежаттары Құдайдың құлағына шалынатынын біледі, алайда адамның өзін өзгертуі қандай қиын!

ББК 84
Д 38

Д 38 Джони Эрексон Тада
Дарси. Құдай өзінің мінежаттарын естіп тұрғанын ол біледі, алайда адамның өзін өзгертуі қандай қиын!
Алматы: ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2011. - 80 б.

ISBN 9965-896-02-x

Жастайынан мүгедектер арбасына таңылған қыз Джони өзінің өмірі, сенімі жайлы әңгімелейді. Ол өзі сияқты мүмкіндігі шектеулі жандарға рухани қызмет етеді.

ББК 84

ISBN 9965-896-02-x

© ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2011

Мен бірден өз бөлмеме кірдім де, есікті жауып алдым. Содан соң айнаның алдына келіп, өзіме көз тастадым. Менің бейнем айнаның бетіне жапсырылған түрлі фотосуреттер мен жылқы суреттерінің арасында жоғалып кетті. Дегенмен, өзімнің талшын түстес ұзын шаштарымды, аздап секпілі бар мұрнымды және ашық көгілдір түсті көздерімді көрдім. Менің көздерім қара немесе қоңырқай емес, көгілдір еді. Сірә, ең басты байлығым осы болса керек. Бәлкім, бұл күлкілі болар, бірақ бұрын олай ойлаған емеспін. Дұрысын айтқанда, көздерімінің түсіне назар аударған емес-пін. Бірақ колледжге мұның қандай қатысы бар?

Айнадағы бейнеме тағы бір көз тастадым да, шкафтың жоғарғы суыrmасын аштым. Одан өзімнің үлкен, қызғылт түсті, әдемі қақпақты қорапшамды алып, тіземнің үстіне қойдым. Көптеген қатарластарымның күнделік жазатындарын білетінмін. Бірақ бәрі істегенді менің істегім келмеді. Сондықтан өзімнің хаттарымды Қорапшама арнап жазатынмын...

1 тарау

Өзіміздің шағын қаламыз Виллоубрукты, әсіресе, жаз мезгілінде аса жақсы көремін. Қалай болғанда да, бұрын әрдайым солай болып келген.

Сол сейсенбіде ешнәрсе өзгермегендей болып көрінгенімен, бәрі әдеттегіден тыс болды. Біз күнде мектепке қатынайтын шаңдақ жол сол күйінде жатты. Жол бойындағы үйеңкі ағаштар жиырма бес жыл бойы қалай жайқалып тұрса, сол күйлерінде еді. Көршілердің қоршаулары да сол қалпында. Бұл біздің мектепке қатынайтын үйреншікті жол. Тас төселгенімен, ол шұңқыр-шұқанақтары көп өзге көшелерге қарағанда жақсы болатын. Сірә, бұл Чип мектепке барарда және қайтып келе жатқанда, әлгі тастарды аяғымен жан-жаққа шашып жүретіндігінен болар.

Біз есігінің алдында төрт аяқты бульдог досымыз құйрығын еркелей бұлғаңдатқан сары үйдің жанынан өттік, ал көрші екі қабатты үйден әдеттегідей сиам мысығын көрдік. Мэнди осы үйлердің жанынан өткенде ұдайы аялдап, оларға өзінің тәттілерінің қалдығын беретін. Одан әрірек сары түсті ескі өрт сөндіргіш кран тұратын. Эйприл оған өрмелеп шығып, тұғырдан секіргендей секіріп түскенді жақсы көретін.

Чип, Мэнди, Эйприл және мен кішкене кезімізден бастап бұл жолмен миллион рет жүріп өткен болармыз. Ал дәлірек айтсақ, мен, Дарси де Ангелис, мүгедектер арбасымен жүретінмін.

Былайша айтқанда, менің арбамды велосипед деуге де болады, бірақ оған қарағанда әлдеқайда күшті әрі сенімді. Ол жарқыраған алқызыл түсті, дөңгелектері ақ, бедерленген тұтқасы қара түсті. Оған байланған алқызыл ленталар желмен желбіреп тұрады. Бұған қоса, арбама түрлі-түсті суреттер жапсырылған. Сондықтан да ол велосипедтерден анағұрлым жақсырақ. Бірақ сол күні мені арбам да қуанта алмады. Өйткені бұл ерекше күн еді.

Мен достарыма көз тастадым. Мэнди қолымен бұрымын шиыршықтап, сағыз шайнап келеді. Эйприл қолдарын екі жаққа жайып алып, жолдың жіңішке көмкермесінің үстімен келе жатыр. Ұзын бойлы Чип болса сөмкесін бұлғаңдатып, жайбарақат адымдап келеді. Қызық, олар өздерін қалай сезініп келеді екен?

Мен бәріне естілетіндей қылып:

– Мектептің аяқталғанына жабырқап келесіңдер ме? – деп сұрадым.

Эйприл жиектемеден секіріп түсті де, бізбен қатарласты:

– Амал қанша? Жеке басым өзімді енді бала сезінбеймін және ересек өмірді бастауға дайынмын. Ал сен ше, Чип?

Ол жаттығусыз бір минут та тұра алмайтындай, қайтадан жиектемеге секіріп шықты.

Чип жүрісін бәсеңдетпестен, иығын көтерді. Мен оның шынымен де не деп жауап берерін білмегенін немесе әншейін Эйприлге жауап қатқысы келмегенін түсіне алмадым. Кейде Эйприлдің мінезінің адам төзбестей болып кететіні бар. Дегенмен, сәлден соң Чип:

– Виллоубруктан кішкентай бауырларымды тастап қалай кетерімді білмеймін, – деді. Сірә, ол енді өзін колледждің ересек студенті санай бастаса керек. – Жалпы, есеп сабағы болмаса, колледждің жетінші сыныбы онша қиын бола қоймас деп ойлаймын.

Иә, есеп сабағы. Менің мазамды алатын да осы. Ондық бөлшектерді бөлу – бір бөлек, ал жетінші сыныптағы есеп пәні! Ой! Көптен бері қайталамаған испан тілінен қалай үлгірмекпін? Әдебиеттен де қауіптенемін. Колледжде әдебиеттің қарапайым хрестоматиясымен құтыла алмайсың.

Колледж. Онда ешқандай көзбояушылық пен жеңілдіктер болмайды. Бәріне бірдей міндетті таңғы ас та болмайды. Сені шешеңдей мәпелеп, уақытында сүт ішкізуді өзінің міндеті санайтын мұғалімдер де жоқ.

Қасиетті Валентин күнінде ешқандай кеш те ұйымдастырылмайды және мектепті айнала өтетін карнавал ойындары да болмайды. Мұның бірі де жоқ! Тек колледждің жеті бөлмесінде өтетін жеті пәннің әр түрлі жеті оқытушысы ғана.

– Мен колледжде көгалдағы хоккей командасында ойнайтын сәтімді асыға күтудемін! – деді Мэнди Эйприлдің артынан жиектемеге секіріп шығып.

– Ал мен драмалық үйірмеге қатыспақшымын, – деді Эйприл.

Бұл Эйприлдің кезекті еркелігі болатын. Жалпы, ол барлық уақытта да ойнап жүретін: ұдайы сәнденеді, өзінің жирен шашын бірде өріп алса, енді бірде төбесіне түйіп қояды. Ал егер шашын айналдыруды қоя қалса, онда киімдерімен бір нәрсе істей бастайды: бірде тізесін жарқырата етегін қысқартып қойса, енді бірде кеудешесінің жеңін қайырып алады, әйтеуір, бір тыным таппайды. Өзінің сыртқы бейнесіне көп көңіл аударатын адамдардың мінездерінің қиын болатынын байқадым.

– Ал егер драмалық үйірме болмаса, онда көпшілікті ұйымдастырушы сияқты бір іспен айналысамын, – деді Эйприл.

Мен аздап ашулана бастағанымды сездім. Ал Эйприл болса, сөзін әрі қарай жалғастыра берді:

– Джордан колледжі өте үлкен. Сыныптың бір бөлмесінен екінші бөлмесіне ауысып үлгеру үшін асығу керек. Балалардың сабаққа кешігіп қалатын кездері де болады.

Мен оның бұл дауыс ырғағының нені білдіретінін білетінмін. Эйприлдің колледждің үлкен екендігін мүлде айтқысы келген жоқ, оның тек қана Чип пен Мэндиді, әсіресе, мені қорқытқысы келді.

– Дарси, үзіліс кезінде сен қалай бір бөлмеден екінші бөлмеге кешікпей ауыса алар екенсің?

Мен күрсіндім де:

– Суперқуатты батареялардың, темір шилер мен өзіме бағынатын дөңгелектердің көмегі арқылы, – деп жауап бердім.

Эйприл үндемей қалды, ал мен:

– Сонымен қатар чемпиондарға арналған суперқуатты таңғы астың көмегімен... Иә, иә, иә, американдық олимпиада құрамасының бас демеушісі – тары ботқасының көмегімен, – дедім даусымды тележаңалықтардың жексенбілік шығарылымындағы жарнама агентінің даусына салып. «Иә, балалар, егер сендер бұлшық еттеріңнің темірдей болғанын қаласаңдар, онда ата-аналарыңа тары ботқасын жегілерің келетінін айтыңдар!»

Ішек сілесі қата күлген Эйприл салмақ теңдігін жоғалтып алып, жиектеме үстінен құлап кетуге аз қалды. Мен Эйприлді жеңудің ең жақсы әдісі – оны көңілдендіру екенін байқайтынмын. Неге екенін білмеймін, бірақ арбамен жүрудің маған қандай ауыр екенін оның білмеуі мен үшін өте маңызды еді. Оның үстіне, Эйприл қолдарынан ештеңе келмесе де, танауларын көтеріп жүретін адамдардың тобына жататын.

Мэнди менің қасыма келіп, арбамның тұтқасынан ұстады:

– Расында да, Дарси, сен онда бір сыныптан екінші сыныпқа қалай ауысасың? Арбанды кім итереді?

Қайран, Мэнди! Ол әрдайым маған көмектесуге, арбамды өрге итеріп шығаруға, түсіріп алған кітабымды әперуге дайын тұрады және мұның бәрін еш мақтанышсыз, елге жақсы көрінейін деген ниетсіз істейді.

– Сол да қиын болып па! – дедім мен. – Арбама дабыл орнатып аламын және жолды босатулары үшін оны қосып қоямын.

Мен еңкейіп алдым да, әр түрлі пируэттер жасап алға сырғи жөнелдім. Мэнди:

– Бұл неткен бассыздық? – деп айқайлап, артымнан тас лақтырды.

Мен тоқтап, достарымды күтіп алдым.

Жолдың қалған бөлігін әрбір ағашқа, үйлерге және әрбір шұңқырға сүйсіне көз салумен өткіздім. Бүгін бізді қақпасының алдында қуана қарсы алған бульдог итті де, көрмегендей түр танытқан сиам мысығын да айрықша қабылдадым. Мүмкін, Мэнди, Эйприл және Чип бастауыш мектептің аяқталғанына онша қайғыра қоймаған да болар, ал менің көңілім бүгін аса жабырқаңқы еді.

Біз көшенің бұрылысынан жан-жаққа тарадық: Чип – шомылуға, Эйприл – өзінің жаттығуларын одан әрі жетілдіруге, ал Мэнди – жинайтын маркілеріне.

Мен олардың артынан: «Келесі кездескенше!» – деп дауыстадым үйіме қарай беттеп бара жатып. Содан соң артыма бұрылып қарадым. Кейде бір-бірімізді жақсы түсіне алмасақ та, біз – жақсы достар едік. Колледжде достығымыз әрі қарай жалғасар ма екен? Бәріміз бір сыныпқа түсер ме екенбіз? Үзіліс кезінде кездесіп тұра аламыз ба?

Мен үйіме апаратын тар жолға түстім. Осы жерден біздің үйіміз балалар салған суретке ұқсайтын: түтін шығатын жіңішке мұржасы бар қызыл шатырлы ақ үй. Жолдың екі жағалауында әдемілеп қырқылған ағаштар өсіп тұр. Бастауыш мектепте оқыған алты жыл ішінде бұталар менің бойымнан асып та кетті. Әрине, бұл менің мүгедектер арбасында аласа болып көрінетіндігімнен ғой!

Мен күрсіндім. Тіпті өзімнің туған үйім де бүгін мүлде басқаша болып көрінді. Бұл менің мектеп бітіруіммен байлансты еді. Мейлі, ол алты жылдық қана болса да, бәрібір, мектеп қой.

Жолмен келе жатып, кенет тоқтауға мәжбүр болдым. Кішкене інім Джош велосипедін тура жолдың ортасына тастап кетіпті. Оны айналып өту мүмкін емес. Мен:

– Мама! – деп айқайлады.

Үйден қолына орамал ұстаған мамам шықты.

– Заттарыңды көрінген жерге тастама деп бұл балаға неше рет айттым, – деді ол. Сөйтті де, орамалды қолтығына қыстырып алып, велосипедті гаражға жетектеп кіргізді.

Әрине, біздің ешқайсымыз Джошқа шыңдап ренжіген жоқпыз, тек қана менің жүретін жолымның ашық болуы керектігін бәрі білетін.

– Бүгінгі күнің қалай болды, Дарси? – деп сұрады мамам өзімнің арбама арналған арнайы жолмен үйге қарай көтеріліп келе жатқанымда. Ол бүгін менің әдеттен тыс байсалды болып қалғанымды байқаған еді.

– Әдеттегідей, бәрі жақсы! – деп жауап бердім. Арбаның тұтқасынан босап қалған сөмкемді алып жатып. – Біз кітаптарымызды өткіздік, кітапхананы пайдаланғанымыздың ақшасын төледік, ал кей кітаптарды естелік жазып, бір-бірімізге сыйға тарттық.

Жүрек жалғап алу үшін тоңазытқыштың есігін аштым.

– Әдеттегі күндердің бірі. Айрықша ештеңесі жоқ.

Мамам маған: «Бір нәрсені айтқың келмей отырсың-ау», – дегендей көзқараспен қарады. Ал мен бет әлпетіммен оны айтпай-ақ түсінуге тиіссің ғой дегенді білдіруге тырыстым. Өйткені әркімнің өмірінде осындай: өзің үйренген қалыпты өміріңді аяқтап, жаңа, белгісіз өмірге аяқ басқанда өзгерістер болады ғой.

– Күнім менің! – деді мамам менің басымнан сипап. – Жаңа сынақтардан қорықпа!

Бірақ қазіргі жағдайымды мамама қалай айтып түсіндірерсің?

– Мектеп туралы ойлай берме, Дарси! Құдайға шүкір, алдымызда әлі тамаша жаз бар ғой, – деді ол менің қарсы алдыма отырып жатып. – Ойлап қарашы: отбасылық демалыс, оның үстіне сенің достарыңның бәрі де сонда болады.

Біздің демалуға арналған сүйікті орнымыз бар еді. Сол отбасылық лагерь менің жақын күндердегі ең басты

қуанышыма айналмақшы. Ол мені колледж туралы уайымымнан айықтырар деп үміттенемін. Бірақ бойым уайым мен мазасыздықтан арылмастай еді.

Тамаққа да тәбетім тартпады. Кешкі ас үстінде Джоштың әңгімесін тыңдап, бұршақты шанышқымен жай ғана аударыстырумен болдым. Ол ақыры өзінің скауттық галстугін қалай байлау керектігін үйреніпті. Бұл скаут болу үшін аса қажет еді. Ол нағыз скауттық байлаудың екі түрін көрсетті.

Ал менің «Он жеті жастағылар» атты журналды үзбей оқитын және ұлдарға өзі телефон шалып сөйлесетін үлкен әкпем Моника жүзуден сабақ беретін жаңа жаттықтырушысы туралы тамсана әңгімелейді. Маған ол жүзумен тек сол үшін ғана айналысып жүргендей болып көрінді. Ал жалпы, Моника – жақсы қыз, ол менімен де, достарыммен де өзінің тең құрбыларындай араласа береді.

Бірақ мен бүгін бойымдағы ауыр ойдан құтыла алмадым. Бұршақты асықпай шайнап, өзгелердің әңгімелеріне құлықсыз құлақ түріп отырдым.

Кешкі астан соң теледидар көруге де барғым келмеді. Мені әкем қуырып жатқан жүгері дәні де қызықтыра алмады. Бәріне қайырлы түн тілеу үшін ғана сәл аялдадым. Өзімнің сүйікті хабарымды қараудан бас тартқанымды байқаған Моника мен Джош бір-біріне таңдана көз тастады.

Мен бірден өз бөлмеме келіп кірдім де, есікті жауып алдым. Содан соң айнаның алдына келіп, өзіме көз салдым. Менің бейнем айнаның бетіне жапсырылған түрлі фотосуреттер мен жылқы суреттерінің арасында жоғалып кетті. Дегенмен, өзімнің талшын түстес ұзын шаштарымды, аздап секпілі бар мұрнымды және ашық көгілдір түсті көздерімді көрдім. Менің көздерім қара немесе қоңырқай емес, көгілдір еді. Сірә, ең басты байлығым осы болса керек. Мүмкін, бұл күлкілі болып көрінер, бірақ бұрын олай ойлаған емеспін. Дұрысын

айтқанда, көздерімінің түсіне назар аударған емеспін. Бірақ, колледжге мұның қандай қатысы бар?

Айнадағы бейнеме тағы бір көз тастадым да, шкафтың жоғарғы суыrmасын аштым. Одан мен өзімнің үлкен, қызғылт түсті, әдемі қақпақты Қорапшамды алып, тіземнің үстіне қойдым. Көптеген қатарластарымның күнделік жазатындарын білетінмін. Бірақ менің бәрі істегенді істегім келмеді. Өзімнің хаттарымды Қорапшама арнап жазатынмын.

2 тарау

Менің Қорапшамен қарым-қатынасым екінші сыныпта, жол апатынан кейін емханада жатқан кезімде басталған болатын. Жүргізушінің кінәсі жоқ еді, тротуарда тұрған машинаның артынан күтпеген жерден шыға келген өзім едім. Бар есімде қалғаны - мені жедел жәрдем машинасына салып жатқаны және дабылдың ащы үні ғана болды.

Бұл мен үшін де, отбасым үшін де өте ауыр кезең болды. Туыстарым мен сыныптастарым бұл туралы естіген кезде, маған арналған хаттар легі еш толастамады, мамам олардың жолдаулары мен газет қиындыларын осы алқызыл түсті қорапқа салып әкелетін. Келушілерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін төсегіме жатып алып, барлық хаттарды оқып шығатынмын. Міне, дәл сол кезден бастап қорапша – менің Сыр сандығыма айналып шыға келді.

Мұны қалай түсіндірерімді білмеймін, бірақ тек осы қорапша ғана менің, қалай айтсам екен, өзімді толғандырған жайттар туралы әңгімелесе алатын ең жақын досыма айналды. Оған мен үшін ең қымбат, қандай да бір бағалы заттарымды – сүйікті фильміме кіру билетін, әжемнің сақинасын, күтуші әйелдің бет орамалын сеніп тапсыра алатынмын. Мұны қалай түсіндірсем екен?

Ауруханадан үйге оралғанда, мәңгілікке мүгедектер арбасына таңылып қайттым. Көптеген достарым мен туыстарым енді менімен қалай қарым-қатынас жасауды білмеді. Олар мені аяйтын, сондықтан да көзіме түсуден, кездесіп әңгімелесуден қашқақтайтын. Мен оларды кінәламайтын едім. Сірә, олардың орнында болсам мен де солай еткен болар ма едім? Менің ойымша, адамдар мүгедектермен қарым-қатынас жасаудан бойларын аулақ ұстайды. Ауруханаға жылы лебізді хат жазу бір бөлек, ал... Қысқасы, мен үйге қайтып оралғанымнан кейін достарымның хаттары сап тиылды. Ал Сыр сандығым қалды.

Төсегіме жақындап келдім де, қимылдаудан қалған аяғымды жастықтың үстіне қойып, ыңғайланып отырдым. Содан соң қаламсабымды қағаздың үстінде ұстап, ойланып отырып қалдым.

«Қымбатты Сыр сандық, – деп бастадым хатымды. – Сірә, сен қазір менің жан-дүниемде не болып жатқанын сезетін боларсың? Менің өмірімде үлкен өзгерістер болды. Бүгін мен соңғы рет мектепке бардым. Балалардың барлығы дәл бір түрмеден құтылғандай қуанышта болды. Өзгелерге қарағанда бойымда бір толқыныс сезімі болғанымен, мен де олармен бірге қуандым.

Эйприл колледжде бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысуда болатын қиындықтар туралы айтты. Бірақ менің қорқатыным ол емес. Мен колледждегі киім ілетін шкафым тым биік болып шығып, бойым жетпей қала ма деп уайымдаймын. Сынып бөлмесі екінші қабатта орналасып, ал оған көтерілетін лифт болмаса ше? Егер мен ондағы ваннаны пайдалана алмасам ше? Ал егер колледждегі айнаға бойым жетпейтін болса, бұл мен үшін өліммен тең. Көз алдыңа елестетіп көрші: қыздардың бәрі айнаға қарап, сәнденіп жатады, ал мен болсам, ұйпа-тұйпа болып отырамын».

Мен тек Қорапшама ғана дәл қазіргідей ашық сыр шерте аламын.

«Өзімді алдымда күтіп тұрған нәрселерден қорықпауға үгіттеген сайын, одан қорқуым ұлғая түседі. Бұл қорқынышымды тіпті Мэндимен де бөлісе алмаймын.

Ал енді көріскенше! Дарси».

Қаламсабымды құлағыма қыстырдым да, арба үстінде сәл қозғалып отырдым. Жансыз аяқтарым денеммен бірге қозғалды. Бірақ олар, аяқтарымды айтам, оншалықты сиықсыз емес болатын. Бридж бен теннис бәтеңкесін киіп отырғанмын. Ал кеше спорт костюмі мен кроссовки кидім. Бірде мамамның маған ұзын жейде мен сәнді рейтуз кигізгені бар. Мен тіпті, аяқтарымның тырнақтарына дейін бояп қойғанмын. Бірақ мұның бәріне қарамастан, айқын айғақ – сол айқын күйінде қалады, тіпті, аяқтарымның башпайларын да қозғалта алмайтынмын. Себебі оларды мүлде сезбеймін.

Қорапшаның ішіндегі заттарды асықпай қарай бастадым. Онда былтыр, біздің сыныбымызда би үйірмесі ұйымдастырылған кезде жазған хатым жатыр. Сол кезде маған балалардың армансыз билеп жатқандарын сырттай бақылап, бұрышта радиоқабылдағыштың күйтабағын ауыстырып отыруыма тура келген. Сол күні көңілді болып көрінуге қанша тырыссам да, көңіл-күйімді жасыра алмаған едім.

Сол күні бәрін-бәрін Қорапшаға айтып бердім. Хатты жасқа булығып отырып әзер жазғаным жақсы есімде. Бірақ бұл түңілгендік емес еді. Сол кезде әлдебір нәрсе мені құтқарып қалды. Осы кезде өзімнің сол хаттың аяғына жазып қойған: «Сені тастап кетпеймін... Өміріңнің соңына дейін сенімен бірге боламын», – деген сөздерді оқыдым.

Бұл Мониканың маған Киелі кітаптан оқып берген сөздері екені есіме түсті. Үлкен әпкем үшін қымбат Киелі кітабының аяттарын менімен бөлісетіні қандай жақсы. Моника сырттай ғана тек ұлдар туралы ойлайтын жеңілтек қыз болып көрінеді. Ал, шын мәнінде, байыпты,

жан-дүниесі өте бай. Исаның: «Сені жалғыз қалдырмаймын», – деген сөздерін бірнеше ай бойы ұмыта алмай жүргенмін. Бірақ мұның бәрі өткен жылы болған. Сол сөздерді қайталап оқып отырып, ұятымның бас көтергенін сездім: мен Құдайға қажетті мөлшерде жақындамаппын.

Қорапшаны шетке ысырып қойдым. Маған енді сырға толы хаттар жазу жеткіліксіз еді. Біреумен ашылып сөйлескім келді. Сонда Мэндиді есіме алдым.

Аяғымды төмен түсірдім де, жылдамдата қоймаға бардым. Онда, екі пар бәтеңке мен кока-коланың босаған шөлмектерінің арасында шаң басып, ескі пүліш қояным – Робби жатты. Оны қолыма алдым да, шаңын қағып, зер салып қарай бастадым. Роббидің бір көзі жоқ болатын, қарнында төгілген кока-коладан қалған дағы бар. Қойманың бұрышында ұзақ уақыт жатқандықтан, түрі аянышты болып көрінеді.

Оның шаңын тағы да бір рет қақтым. Бір кездері ол мен үшін өте қымбат болған. Бірақ мұны Эйприл сияқтыларға мойындаған өлгенді артық санаймын. Бірақ Робби туралы Чип немесе Мэндидің білгеніне қарсы емеспін. Ал Мэндидің өзі, бірде Құдай туралы әңгімелескенімізде, мейлі, ол жастық болсын, белгілі бір затқа қарап сөйлеу арқылы

Исамен сөйлесудің әлдеқайда жеңіл болатынын мойындаған.

Өзімнің жалғыз көзді сүйкімді ойыншығыма сүйсіне көз тастадым да, Мэндидің айтқанын істеуге бел будым. Мінәжат! Бұл сөздің өзі Роббиді есіме салды.

Ауруханада жатқан кезімде Роббиді кеудеме қысып алып, ойша Құдаймен сөйлесетінмін. Айтқандарымды Робби де тыңдап жатыр деп ойлау маған ұнайтын. Есейіп, Құдайдың қолыма ойыншығымды ұстап жатқан, жатпағанымға қарамастан мені ести беретініне көзім жеткен соң оны қолыма алмай кеткем. Бірақ кейінірек, жоғарыда айтқанымдай, Құдаймен жақындығымды сезінуден қалдым.

Терең дем алдым да, сиына бастадым, бірақ сөздерімнің шын жүретен шықпағанын сездім. Кенет кеудемнен:

«Бұл – өтірік!» – деген сөздер шығып кетті. Мен қатты қорқып кеттім де, төбемнен найзағай түсуін күтіп, бүрісіп отырып қалдым.

«Колледжде ешкімді танымаймын. Әрине, мен онда Эйприлмен немесе Чиппен кездесе аламын. Бірақ... Мектептегі таныс балалардың көпшілігі арбам туралы көп қалжыңдайтыныма қарап, менде бәрі жақсы деп ойлайды. Бірақ екінші сыныптан бастап оларды менің аяқтарымның жансыз екені туралы ұмытуға мәжбүр етудің мен үшін қаншалықты қиынға соққанын Сен білесің. Колледждегі жаңа таныстарым менің аяқтарыммен бірге миым да құрғап қалған деп ойламаулары үшін бәрін де басынан бастауға тура келетіні ме?»

Мен жеңіл тыныс алдым. Ақыры өзімді не үшін нашар сезінетінім туралы шындықты айттым.

«Аумин!» – деп аяқтадым Құдаймен әңгімемді.

Басымды Роббиге бұрып, тыныштыққа құлақ түрдім. Сірә, көктен өзімді бәрі де жақсы болады деп жұбататын күркірген дауысты күткен болармын. Бірақ маған жеткен бар дыбыс теледидардан әлденені айтып жатқан жүргізушінің дауысы ғана болды.

Қайтадан төсегімнің қасына сырғып келдім де, Роббиді жастығымның үстіне қойдым. Оның қуыршақ Барбилермен бірге алыс балалық шақтың елестерінде қалып қойғанына қарамастан, бір түн болса да, өзіммен бірге қалуының қажеттігін сездім. Сол түні оны дәл бала кезімдегідей кеудеме қысып жаттым.

3 тарау

Келесі күні – бұл жазғы демалыстың алғашқы күні болатын, маған маркалар жинағын көтеріп, Мэнди келді. Арбамнан түсіп, жатын бөлмедегі еденге төселген кілемшенің үстіне отырдым. Достарыммен әңгімелескенде, әсіресе, ұсақ-түйек нәрселер туралы сөйлескенде, көздеріміздің бір деңгейде болғанын ұнатамын. Біз маркаларды түсіне және шыққан елдеріне қарай еденге жая бастадық. Біраз уақыт жай ғана үнсіз отырдық.

Мен әрқашан да Мэндиді өзімнің ең жақсы құрбым деп санайтынмын. Мүмкін, бұл бір жағынан біздің жөргекте жатқаннан бастап таныс болғандығымыздан шығар. Кейінірек Эйприлмен таныстым, бірақ онымен ешқашан жақын болған емеспін. Мэнди екеуіміз өте ұқсас едік. Екеуіміз де кітап оқығанды, марка жинағанды, жылқы суреттерін салғанды, ойымыздағының бәрін айтқанды және, тіпті, ұлдар туралы жиі сөз қылғанды ұнатамыз.

Бұған қоса, Мэндиді қатты сыйлаймын. Ол Эйприлмен айтысудан, тіпті, оған ескерту жасаудан да қорықпайды. Ал мен олай істей алмаймын. Әдетте, нағыз сезімді күлкіге айналдырып, қалжыңмен құтылуға тырысамын.

Сыныпта оның билігін жүргізетініне қарамастан, Эйприлден қорқамын деп айта алмаймын. Бірақ балаларды маған қарсы қойып қояр деп қауіптенетіндіктен, онымен керісуге бармаймын. Арбада отырған менің қиыншылықтарым онсыз да жеткілікті, сондықтан да маған басы артық қиындықтардың қажеті қанша?

Үнсіздікті Мэнди бірінші болып бұзды:

– Биылғы отбасылық лагерьде әдеттен тыс бір нәрсе болады ғой деп ойлаймын!

– Мен қысқышпен марканы алдым да, абайлап альбомға қойдым:

– Солай болар деп үміттенемін.

Мэнди басын көтеріп, бұрымын артқа сілкіп тастады да, қолдарын иегінің астына тіреп отырып.

– Саған не болған? Ештеңе бола қоймаған шығар. Әрине, біздің мектепті бітіргенімізден басқа.

– Әрине, ештеңе болған жоқ, – деп жауап бердім, бұл тақырып осымен бітетін шығар деген оймен. Сөйттім де, келесі маркаға қарай қолымды создым.

Бірақ Мэнди сөзін әрі қарай жалғастырды:

– Сен маған бір нәрсені жасырып отырғандай болып көрінесің.

Иә, нағыз достардан ештеңені жасыра алмайсың. Анаң секілді, нағыз достар да сенімен не болып жатқанын бірден сезе қояды. Және егер де олар нағыз дос болса, онда сенімен қайғынды бөліседі.

Мен бір қырыммен жатып алып, альбомның бос беттерін маркамен толтыра бердім.

– Бір кездері екеуімізге қандай жақсы болғанын есіңе алшы. Бірінші сыныпта... жол апатына дейін!

– Иә, – деп күрсінді Мэнди. – Виллоубрукте бізге тең келетін ешкім жоқ еді. Екінші және үшінші сыныптың қыздарымен қалай жарысқанымыз есіңде ме?

– Мен оны қалай ұмытайын? Бұл мәңгі есте қалатын тәтті, әрі күлкілі оқиғалардың бірі болатын.

– Біз бәріне шаң қаптырып кеттік! – деді Мэнди күліп. – Дарси! Сен әлемдегі ең жүйрік қыз болатынсың!

Біз тағы да үнсіз қалдық. Мені аяғымнан айырған жол апаты содан дәл бір айдан кейін болған еді.

– Және сен әлемдегі ең жақсы дос болдың! – деді Мэнди сөзін жалғастырып.

– Болдың? – деп қайталап сұрадым таңдана қасымды керіп.

– Жарайды-жарайды! Сен қазір де менің ең жақсы құрбымсың, – деп Мэнди көзін бақырайтып, тілін шығарды. Содан соң қайтадан байсалды қалыпқа түсті.

– Бірақ соңғы кездері менен көп нәрсені жасырып жүргендей болып көрінесің. Менің не айтып тұрғанымды білесің.

Мен қайтадан маркілермен айналысып кеттім. Оған бәрін айтып берсем бе екен? Жоқ, айта алмаймын. Егер Мэндиге неден қорқатыным туралы айтып берсем, менің бойымда не болып жатқанын түсініп қояды. Сөйтіп, маған қалай көмектесем екен деп басын қатырады. Мен әңгіменің тақырыбын өзгертуге тырыстым.

– Лагерьде сен кіммен бірге тұрасың: ата-анаңмен бе, әлде колледждің қыздарымен бе? – деп сұрадым да, төсектің жиегінен ұстап, көтеріліп отырдым.

Мэнди мен жайғасып болғанша күтіп отырды да:

– Мамам мен папам жастармен бірге тұруыма рұқсат етті, – деп жауап берді.

Дауыс ырғағынан оның айламды түсініп қойғанын аңғардым:

– Маған да жастармен бірге тұруға рұқсат етер деп үміттенемін.

– Онда дәл таудың етегіне дейін машинамен бәріміз бірге барамыз. Тезірек болса екен, шыдамым жетер емес, – деді Мэнди қуана күлімсіреп. – Қарбыз жеуден жарыс болады, алаулар жағамыз, үлкен волейбол турнирі өтеді. Мен Чиптің командасында ойнамақпын. Біз жақсы демалатын боламыз.

– Әрине, – дедім иығымды қозғап. – Сенің не айтқың келетінін түсінемін. – Мен қандай қатігез едім! – деп дауыстап жіберді Мэнди маңдайын соққылап. – Менің емес, біздің демалысымызды айтып тұрғанымды түсіндің! Маған не айтатынымды ойланып сөйлеу керек.

– Жарайды! Ештеңе де болған жоқ! – дедім ол өзін жақсы сезінуі үшін сергек дауыспен. – Сенің «ах», «ох» дегендеріңді естігім келмейді.

Шындығында да, балалар өзіммен сөйлескенде айтар сөздерін үш рет ойланып барып айтуын және менің арбамды ұдайы естерінде ұстауын қаламайтын

едім. Онда олар менімен шынайы қарым-қатынас жасай алмас еді.

Мэнди жеңілдене тыныс алды:

– Мен Чиптің командасында бірге ойнайық деймін. Ол – керемет бала. Сен оның соңғы кездері қалай өсіп кеткенін байқадың ба?

Байқамағанда ше? Чип нағыз колледждің студенті тәрізді көрінетін. Жасы небәрі он үште болса да, дәл бір он төрт жастағыдай болып көрінеді. Мэнди Чипті жақсы көре ме деген күдігім де бар, ол Чипке жай ғана дос ретінде қарамайтын секілді. Әйтсе де, өзімді Мэндидің басы бар ғой, соңғы кездері жақсарып кеткеніне қарамастан, Чипті ойлап басын қатыра қоймас деп ойладым. Әйткені біз Чиппен оның мұрнынан суы аққан бала кезінен таныс болатынбыз.

Осының бәрі менің басымнан бір сәтте өте шықты:

– Иә! Біз дәл тордың алдына тұрып аламыз. Мен алаңның бұрышына тұрамын. Әйткені ортада ойнай алмаймын ғой: арбаммен біреудің аяғын басып кетуім мүмкін.

Балалар мүмкіндігі келгенше менің ойынға қатысуыма жағдай жасауға тырысатын. Спорт залында, әдетте, бұрышта орналасатынмын, ал балалар маған доп беріп тұратын. Әрине, мен алаңда қозғалып жүре алмаймын, бірақ доп жақсы келсе, мен жақсы ойын көрсете алатынымды білемін.

– Айтпақшы, – деді Мэнди күліп, – мен жаңа ғана Эйприлді көрдім, мамасы әперген жаңа спорттық аяқ киімін киіп алыпты. Енді ол аэробикамен айналыспақшы екен.

Мен күлкімді өзер тиып қалдым. Байғұс Эйприл! Қысқышты алдым да, дәл бір сәнқой қыздар секілді қасымды жұлып жатқан түр көрсеттім.

– Иә! Жастығына қарамастан, не кисе де, жараса кетеді.

Мен мырс ете қалдым. Эйприл туралы көптеген кекесін сөздер айтқым келген, бірақ өзімді тоқтатып

қалдым. Мэнди екеуіміз кейде мінезіміздің адам төзгісіз болып кететінін білетінбіз.

Алдағы отбасылық лагерь туралы ойлай бастадым. Қарбыздар, волейбол, балық аулау – осының бәріне тезірек жеткім келді. Мен, тіпті, бақташы Робтың кешкі уағызы туралы да армандай бастадым. Лагерде оның уағызы нақты әрі қысқа болады: ол қауымнан тыс жерде уағыз айтқанда үнемі аз сөйлейтін. Содан соң қайтадан өзім туралы ойлай бастадым. Бұрын үнемі ата-анаммен бірге тұратынмын. Ал бұл жолы ше? Күтпеген жерден Құдайдың өзіме бәрі де жақсы болады деген белгі бергенін қаладым.

Біздің лагерь, Чип және волейбол туралы әңгімеміз аяқталды да, қайтадан маркілерді асықпай реттей бастадық. Мэнди альбомның соңғы бетін толтырып болды да, сағатына қарап:

– Ой, менің қайтатын уақытым болыпты! – деді де, альбомын қолтығына қыса орнынан тұрды. – Мамам маған ертерек қайт деген.

Мен арбама қарай қолымды создым. Бұған дейін де жүздеген мәрте істегеніндей, Мэнди тоқтап, маған қолын ұсынды. Мен оның қолына сүйеніп, арбамның орындығына отырдым.

– Мынаны қара, сен қандай күштісің, Дарси!

– Одан да... аспанға қараңдар! Онда құс ұшып барады. Ұшақ ұшып барады. Жоқ, бұл ұшып бара жатқан супер мүгедек Дарси де Ангелис – жарты білімді студентка, Виллоубрук мектебінің түлегі. – Мен шетке қарай сырғып бардым да, иіліп тағзым еттім. Көңілді болып көрінуге тырыстым. Бұрын Мэндидің алдында ешқашан бұлай істеп көрмеген едім.

– Жарайды, мен кетейін, – Мэнди табалдырықта сәл кідірді. – Жарай ма? – деді бұрымын артқа сілкіп тастап.

– Жарайды! – дедім шалбарымның қыртысын түзеп тұрып. – Бүгін телефон шал.

Мен оның кетіп бара жатқан аяқ дыбысын, сыртқы есіктің қалай ашылғанын естіп тұрдым. Содан соң

терезенің алдына таяп келіп, жүгіре басып бара жатқан Мэндидің артынан қарап тұрдым. Иә, ол жер бетіндегі екі аяқтылардың ішіндегі ең жүйрігі болатын. Мен екінші сыныптағы естен кетпес жарысты есіме алып мұңа күлімсіредім. Күтпеген жерден өзімді нашар сезіндім. Неліктен? Бұл жиренішті сезім қайдан пайда болды? Жүгіріп бара жатқан Мэндиден өзге ештеңе байқаған жоқпын. Бірақ таңертеңгі әңгіме кезінде, одан құпия ойларымды жасырып қалғаннан кейін өзімді бұрынғыдан да нашар сезіне бастағанымды байқадым.

4 тарау

«Қымбатты қорапша!»

Біздің жазғы демалысымыздың басталғанына үш апта болды. Эйприл Цинциннатиға, атасы мен әжесіне барып қайтты. Оның жоқтығы жаныма батты деп айта алмаймын, бірақ Эйприлдің де Сикс Флэгзе лагеріне бізбен бірге баратынына қуаныштымын. Бізбен бірге Джоштың скаут достары да бара жатыр. Мэнди екеуіміз оларға көз қырын сала жүрмекпіз.

Сондай жақсы балалар, олар, тіпті, менің арбамды байқамайтындай. Ал үлкендер болса, оған назар аударуды парыз санайтын секілді: олар менің арқамнан қағып, көңілді үнмен бір нәрселер айтады және мені «сүйкімді қыз» екендігіме сендіруге тырысады. Бұл ересектердің өздерін қалай ұстауды балалардан үйренгенін қалар едім.

Өрге көтерілетін жерде Дерек деген баланың бізбен бірге кезек күтіп тұрғаны есімде. Әкем мені арбадан көтеріп алып, көтергіштің алдыңғы орындығына отырғызған кезде оның маған қалай қарағанын көрсең ғой! Ал оның қасыма отыруы үшін орын босатып, әрі жылжыған кезімде ол орнында қаққан қазықтай тұрып қалды. Сірә, ол мені қабырғасынан ажырамайтын ұлу секілді арбамнан бір елі ажырамайды деп ойласа керек.

Содан соң ол менің қолына сүйеніп отырғанды қалайтын, қаламайтынымды сұрады. Қандай әсерлі! Сірә, ол өзінің скауттық міндеттеріне аса байыпты қарайтын сияқты. Мен: «Иә, әрине, қолыңды әкел!» – дегенімде, ол көтергіштен құлап кетпеуім үшін қолымнан ұстап отырғысы келетінін түсіндірді».

Қаламсапты екінші қолыма алып, қолымды сілкіледім.

Кейінгі кездері Қорапшама хатты жиі жаза бастаған секілдімін. Жақында бұдан да үлкенірек қорапша қажет бола ма деп қауіптенем.

«Дерек мен туралы көбірек білуге құмартты, бірақ оның бұл құмарлығында оғаш немесе ренжитіндей ештеңе жоқ еді. Ол желінген-желінбегенін көру үшін бөтенкемнің табанын көрмек болды, оған мен алдап тұрғандай болып көріндім. Мен арбамда ұйықтаймын ба, жоқ па, соны да білгісі келді. Тіпті, менің аяқтарымда жан жоқ екеніне көз жеткізу үшін қолдарын тигізіп те көрді. Ал мамам мені шомылдыру үшін ваннаға апара жатқан кезде: «Сен ваннада жуынасың ба?» – деп сұрады. «Иә, ал сен ше?» – дедім мен оның сұрағына сұрақпен жауап беріп. Ол күліп жіберді. Содан соң көбіне менің қасымда болып, арбамның артына шығып алып, менімен бірге сырғанаумен болды. Маған жүгері таяқшаларын беріп, алдымдағы жолды ашып жүрді.

– Мен өскенде, мүмкін, балалармен жұмыс істейтін болармын деп ойлаймын. Өйткені олардың еш қулық-сұмдықтары жоқ».

Моника ас дайын болды деп дауыстады да, мен әлі аяқталмаған хатымды Қорапшаға сала салдым. Содан соң Қорапшаны шкафтың суырмасына салып, ас үйге қарай беттедім. Бұл менің кешігіп барғым келмейтін отбасылық түскі ас болатын. Папам кешкі ас үстінде лагерь туралы сөйлесеміз деп уәде еткен.

Шошқа еті мен макаронды жеп болғаннан кейін, Моника мен Джош тездетіп үстел үстін жинастырды.

Мамам әкеме бір кесе кофе құйып берді, ал біздер оны тыңдауға дайындалдық.

– Бізде жаңалық бар, – деп бастады ол қолымен тіркеу карточкаларын араластырып отырып. – Өздерің білесіңдер, әдетте, біз лагерде отбасымызбен тұратынбыз. Бірақ көпшіліктің қуанышына қарай, биыл бәрі басқаша болады. Моника, сен жастарға арналған үйде қыздармен бірге тұратын боласың.

– Өте тамаша! – деді қуанып кеткен Моника, тіпті, үстелді алақанымен салып қалып.

– Бірақ онда өзіңді жақсы ұстау керектігін ескерткім келеді. Ата-аналарыңның үйлері жақын маңда орналасатынын ұмытпаңдар, – деді әкем Моникаға саусағын безеп.

Моника бақытты еді. Мамам мен папам оған үлкен сенім көрсетті. Қауымдағы ең әдемі және телефонмен ұл балалармен көп сөйлесетіндігіне қарамастан, ол мұндай сенімге әбден лайық болатын.

– Джош, ал сенің өз достарыңмен бірге «Ағаш лашыққа» орналасқың келе ме?

Джош батыл түрде басын изеді. Ата-анасынан бөлек тұру – Джош үшін үлкен сынақ еді. Бірақ ол мұны қалайтын. Мұны мен де қалайтынмын.

– Ал енді, Дарси, – әкем алдындағы қағаздарды ұқыптап жинап қойды. – Сен бізбен бірге тұрасың.

– Не?

Бірақ папамның көзіне қарап, дауыс ырғағымды бірден өзгерттім.

– Папа... мама! – дедім екеуіне жалбарына қарап. – Моника мен Джош достарымен бірге тұрады. Ал мен неге олай ете алмаймын?

Папам балаларға арналған үйде мен үшін қолайлы жағдайдың жоқтығын айтып түсіндіре бастады: төсектер бір-біріне тым жақын орналасқан, арбаны көтеріп шығаратын лифт жоқ. Ал ата-аналарға арналған үйдің бөлмелері көп, онда арбамен еш қиындықсыз жүріп-тұруға болады.

– Иә, мұның бәрінің не үшін бұлай екенін білемін, – дедім мен бұртиып. – Өйткені сендердің алтынмен апталған үйлерің... мүгедектер арбасындағы қарттарға арналған.

– Дарси, – дей берген папамның сөзін бөліп;

– Тіпті, Джоштың өзі достарымен бірге тұрмақшы, ал ол болса, әлі мүлде кішкентай ғой, – дедім.

– Бүгінгі күнді Дарсиге жанашырлық таныту күні деп жариялайық, – деді Моника мені сабама түсіруге тырысып.

Кейде оның мұндай сөздері шынында да менің көңіл-күйімнің орнына түсуіне көмектесетін, бірақ дәл қазір ол да көмектесе алмады. Бүгін мен аса жабырқаңқы едім.

Мамам жанымға тұрып алып, шашымнан сипалаумен болды. Папам да жастардың арасында өтетін барлық ойын-сауықтарға қатынасатынымды айтып көңілімді орнына түсіруге тырысты. Мамам менің бұрымымды тарқата бастады. Менің көңіл-күйімнің нашар екенін сезген кезде, ол ұдайы осылай өтетін.

– Жарайды! – дедім мен ақыры. – Мен сендермен бірге тұра беремін. Бірақ естеріңде болсын, мұның мен үшін жақсы ештеңесі жоқ.

Түнде ұйықтай алмай қойдым. Көздерімді бақырайтып, көрші бөлмедегі өз төсегінде Джоштың алаңсыз пырылдап ұйықтап жатқанын, ал Мониканың жамылғысының астына жасырып радио тыңдап жатқанын біліп жаттым. Колледжге байланысты уайымым аз болғандай, енді оған лагердің қиындықтары келіп қосылды. Мэнди, Эйприл және өзге балалар да менің бөлек тұратындығымнан өздерін жайсыз сезінетін болады.

Мен басымды бұрып, қабырғадан арбамның көлеңкесін көрдім. Қараңғыда ол мүлде басқаша көрінеді екен.

Сол кезде өткен жексенбідегі Құдайға құлшылық ету жиналысын есіме алдым. Бақташы Роб адамдардың әр

түрлі: біреулердің күшті, екіншілердің әлсіз болатыны туралы айтты. Мен оны тыңдап отырып, қарттар үйінен арбаларымен уағыз тыңдауға әкелінген қарт мүгедек адамдардан көзімді ала алмадым. Бір кездері мен де дәл солардай боламын ба? О! Жоқ! Мен барлық адамдар секілді денімнің сау болғанын қалаймын!

Төсегімде жатып алып, өзімді бұрын-соңды болмаған жайсыз күйде сезіндім.

Келесі күні үйдің ауласында отырып кітап оқыдым. Кітап қызық емес екен, оның үстіне жел де оның парақтарын аударып, дұрыстап оқуға кедергі келтіре бергендіктен, оны жауып қойдым.

Басымды жоғары көтеріп, көгілдір аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарға қарадым. Колледж, отбасылық лагерь... Уайымдай беруден шаршап, ауру болатын болдым.

Кенет желдің ағаштардың бастарын майыстыра қатты соққаны сондай, демімді ішке тартып тына қалдым. Тіпті, арбамды да орнынан қозғалтып жіберді.

Өзімді желмен бірге көкке ұшып кететіндей сезіндім. Айналадағы ауа сияқты жеңіл күйге түскім келіп кетті. Арбамның дөңгелегіне жүздеген баллон гелий толтырып қойғандай жеп-жеңіл болсам ғой! Қандай ғажап сезім! Менің арбамнан секіріп түсіп, көйлегімнің етегін желмен желбірете билей жөнелгім келді. Міне, мен нені қалаймын!

Бірақ мен олай ете алмайтын едім. Мен жансыз аяқтарымды көйлегімнің етегімен жауып қойдым да, жүріп, жүгіріп, билеп жүрген кездерімде өзімді қалай сезінетінімді есіме түсіре бастадым. Жел басылды, онымен бірге еске алған бақытты сәттерім де ғайып болды. Тек жүректі сыздатқан, ешбір бәсеңдемейтін ауру ғана қалды: менің мүгедек болып қалғым келмейді. Менің жүргім келеді!

Сол сәтте әпкем Мониканың: «Бүгінгі күнді Дарсиге жанашырлық көрсету күні деп атайық!» – деген сөздерін есіме алдым. Дәл осы кезде менің алдымнан ашық-

сары түсті көбелек ұшып өтті. Ол менімен танысып жүргендей тағы бір мәрте айналып ұшты. Жолды жағалай өсіп тұрған гүлдердің хош иісі оны тартпайтындай. Ол, менің жаңа досым, жанымда бір сәтке ғана аялдады да, көршінің бақшасына қарай ұшып кетті. Өзі сондай тынымсыз екен!

Торыға беруге болмайды. Солай емес пе, Тәңірім? Мен өзгелердің өзімді аяғанын қаламаймын ғой, ал онда неліктен өзімді-өзім аяп жылай беремін?

Құдай дәл бір сол арқылы: «Қазір сен дұрыс ойлап тұрсың, Дарси!» – деп белгі беріп тұрғандай, жаңағы сары көбелек қайтадан ұшып келіп, менің жанымда мың құбылып қалықтай бастады.

Бойымдағы уайымнан арылған сайын, өмірдің тамашалығын сезіне бастадым. Кенеттен бір үлкен құпияны ашқандай, өзімнің бүкіл өне бойыммен күлімдеп тұрғандай болып көріндім. Сол сәтте мен Құдайдың өзіммен сөйлескеніне шынайы сендім және Киелі кітаптағы: «Сені тастап кетпеймін... Өміріңнің ақырына дейін сенімен бірге боламын», – деген сөздерін ойлаумен болдым.

Көбелек менің арбамды айнала ұшып жүр. «Міне, ол», – деп ойладым мен. Сөйттім де, енді көбелекті көргенде бірден Құдайды, Оның өзіме деген қамқорлығын есіме аламын деп уәде еттім. Бұл біздің Құдаймен арамыздағы келісіміміз болады.

Тағы да жел көтеріліп, көбелекті қоршаудың арғы жағына айдап кетті. Мен онымен қоштаса қолымды бұлғадым және бойымдағы қуаныш пен бақыттың жаңа толқынын сезіндім. Бұл жай ғана жағымды сезім емес, бақташы Роб ұдайы айтатын Киелі кітапта айтылатын шаттық, рахаттану сезімі еді. Бұрын мен ешқашан мұндай сезімді басымнан өткеріп көрген емеспін. Бұл Ниагара сарқырамасын алғаш көріп тұрғандағы сезіммен бірдей болды. Жалпы, мұны сөзбен айтып жеткізе алмаймын, мүмкін, бұл менің әлі жастығымнан болар.

«Ақыры өзімді таптым-ау, – деп ойлады мен. – Мектептегі достарым ойлайтын көңілді бір нәрселерді ойлап табуға ұдайы дайын тұратын қыз емеспін».

Түскі астан соң өз жаңалығымды біреумен сондай бөліскім келді. Мэндиге, тіпті, Цинциннатиден орала қалған жағдайда Эйприлге де телефон шалмақ болдым. Егер сәл батылдау болсам, Чипке де қоңырау шалар едім. Тағы да бұл туралы Моникаға айтып берсем бе екен деп те ойладым. Айналып келгенде, ешкімге еш нәрсе айтпадым.

Тек төсегімнің үстіне ыңғайланып отырып алып, Қорапшама кезекті хатымды жаза бастадым.

5 тарау

Айнала түгел көбелек! Мен үйден шыққан кезде есіктің алдындағы бұталарда қаптаған сары көбелектерді көрдім. Сигнал бере отырып көшеге шықтым да, жолды бойлай жүріп кеттім. Шырмауықпен көмкерілген көршінің шарбағы үймелеген көбелектерден сап-сары болып көрінеді. Үйеңкі ағаштарды жағалап, өзіме жақсы таныс соқпақ жолмен жүріп келе жатырмын. Көрі сиам мысығы тұмсығын айнала ұшып жүрген әдемі көбелекті жалқаулана бақылап жатыр. Біздің қалашығымызды көбелектер бұлты басып қалғандай.

Ал олардың әрқайсысын көрген сайын мен қуаныштан езуімді жия алмай келемін. Менің Исаны есімде ұстауым үшін қандай тамаша жол көрсетілді десеңізші! Өзіңді кіршіксіз де игілікке толы, кең байтақ және өлшемі жоқ бір нәрсенің немесе Біреудің бір бөлшегі ретінде сезіну қандай тамаша еді!

Мен өзімді ересек адамдай сезіндім. Мүмкін, Құдай туралы ойлар өзімді осылай сезінуге мәжбүр еткен болар. Бұған мен жеткілікті дәрежеде сенімді емес едім. Бірақ өзімді ойлап мұңаюға қақым жоқ екенін енді анық білетін болдым.

Үйге келген соң тағы да Роббиді тауып алдым. Маған енді Құдаймен сөйлесу үшін осы бір ойыншықтың көмегі қажет емес еді. Бірақ менің Қорапшама қалай хат жазғанымды бақылап отыруы үшін оны төсегімнің бұрышына отырғызып қойдым. Әдетте менің жазған хаттарым күнделікке де, Мониканың өз Киелі кітабының жолдарына жасайтын ескертпелеріне де ұқсай беретін. Ал мен астын сызып қойған жолдарын көшіріп алу үшін Мониканың Киелі кітабын қолыма жиі алатынмын.

«Қымбатты Қорапша!

Қазір мен колледж бен отбасылық лагерь туралы көп уайымдамайтын болдым. Ол жерде достарыммен емес, ата-анаммен бірге тұратыныма қарамастан, лагерь туралы ойдың өзінен қуанышқа кенелемін. Оның есесіне мен тауларды көремін. Әр кеш сайын жұлдыздарға қарап, қарағайдың хош иісімен дем аламын. Қазір менің қандай сезімде екенімді тек Құдай ғана біледі. Ал мына сөздерді әпкемнің Киелі кітабынан тауып алдым: «Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа, Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға назар аударған әрбір уақытымда, мынадай сұрақтар туады ойымда: «Өзің ескеретіндей адам сонша кім, Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?»» Қазіргі менің сезінетінім, сірә, осы болса керек. Бұл жайлы Мэндимен сөйлескен жоқпын. Тіпті, көбелектер туралы да ешкімге айтқан жоқпын. Мұның бәрінің мен үшін маңыздылығы сондай, өз сезімдерімді ешкімге сеніп айта алмаймын. Дарси».

Мен жазуды тоқтаттым да, басымды қолыммен сүйедім. Иә, бүгінгі желді күннен кейін бәріне басқаша көзқараспен қарауым керек. Өзіңе деген аяушылықтан ада болған қандай жақсы. Жаман ойларымының бәрі кетіп, өзімді Құдаймен біртұтас сезіндім. Енді бұл бірлікті ештеңе де бұза алмайды.

Кенет қонақ бөлмеден телефонның шылдыры естілді де, мамам мені телефонға шақырды. Мен Қорапшамды төсек үстіне тастадым да, дәлізге шықтым.

– Алло!

– Алло, Дарси? Бұл Эйприл ғой!
– Эйприл? Мен сені әлі Цинциннатида болар деп ойлап едім.

– Біз екі күн бұрын келгенбіз. Бәрі де тамаша болды. Бірақ мен қайтып оралдым, – деді Эйприл сықылықтай күліп.

– Өте қуаныштымын!

Тамағыма бір нәрсе тығылып қалғандай, жылап жіберуге дайын тұрмын.

– Сенің бізбен бірге жастарға арналған үйде тұрмайтыныңды естіп, қоңырау шалып тұрмын. Мэнди мен мамасына барған едім, оны маған солар айтты.

Мэнди мұны Эйприлге неге айта қойды екен? Мен терең дем алдым да, сабырлы қалпымды сақтап қалуға тырыстым:

– Онда тұрған не бар! Қалған уақытта сендермен бірге болам ғой!

Менің әдеттегі даусым өзіме қайта оралды.

– Иә, әрине! – деді Эйприл. – Бірақ сен бізге ілесе алмайсың ба деп қорқамын. Бірақ, әрине, балалар сенен озып кетпеуге тырысады ғой.

Ол қайтадан қамқорси қалды.

– Басып озады дейсің бе? Менің дөңгелектеріммен күш сынасуға батылы баратын адамды көрсетші, – дедім мен күліп.

– Иә, иә, әрине. Бірақ таудың жолдары сондай ыңғайсыз. Алайда сен мазасызданба, біз саған көмектесеміз ғой. Ал, жарайды, лагерде кездескенше!

Сөйтті де, Эйприл тез қоштасып, трубканы қоя салды.

Мен трубканы тұғырына қойдым да, тамағымдағы кесектен құтылу үшін жөткірініп қалдым. Бүгінгі тамаша күнімнің шырқын бұзуға оның қалай ғана батылы барды? Менің барша қуанышты ойларымның күлі көкке ұшты.

Бөлмеме қайтып оралдым. Одан әрі жазғым келмей, Қорапшамды шкапка тастай салдым. Тіпті, мінәжат етуге де зауқым соқпады.

Кенет Құдайдың менен тым алыста екенін сездім. Құдайға деген сезімімнің жағдайға байланысты соншалықты тез өзгеріп кеткенін ойлап жабығып қалдым. Бір сәтке мен тіпті, Құдай менің сезімдерім мен ойларымның емес, көктің, ай мен жұлдыздардың қамын ойлауға тиісті деп те ойладым.

Иә, әлгі Киелі кітапта айтылған сөздер дұрыс. Соншалықты мен кіммін? Мен, кішкентай Дарси де Ангелис, Құдай қамымды ойлайтындай кіммін?

Басымды жоғары көтердім де, айнадан өзімнің бейнемді көрдім. Түрімнің де дәл ойларым сияқты жетісіп тұрмағанын байқадым.

Иә, лагердің сынағы мен күткеннен де қиын болып шықты.

6 тарау

Біз мінген лық толы шағын автобус жолдың шаңын бұрқыратып, лагердің алдына тоқтады. Қауымдағы өзге отбасылар келіп те қойған екен.

– Мұнда тағы да келгеніміз қандай жақсы болды! – Моника қуанғанынан ысқырып жіберді де, есікті ашып, мен арбаммен сырғып түсуім үшін трапты түсіре бастады. Автобустың жақтаудағы терезесінен сыртқа көз салып, қарағайлы орманның желкесінен қарауытып тұрған тауларды, біздің келуімізге дайындалған үйлерді көрдім. Тағы да жағалауында моторлы қайықтар мен каноэлер тұрған көлді, ал әріректе ат қора мен атқа мініп жүруге арналған қоршауды байқадым. Жақын маңда демалып жатқан әлдекімдердің ән салған дауыстары естіледі. Алысқа тесіле көз тастап, жақын маңдағы шатқалдан ала тышқанды көрдім. Оны дереу

Джошқа көрсеттім. Жоқ, қалай болғанда да, бұл жұмақпен тең жер еді.

Моника мен мамам мені арбаға отырғызып жатқан кезде, папам машинадан жүктерді түсірумен айналысты. Сол кезде:

– Сәлем, Дарси! – деген дауыс естілді. Ол менің қауымдағы құрбым Эми екен.

Егер Эми осында болса, онда қалған балалардың да өз орындарында болғаны. Бәрінен бұрын менің Мэндиді көргім келген, бірақ олардың автокөліктері лагерден алыстау жерде, жанармай құю стансасында май құйдырып жатқан болатын. Олар да кешікпей келіп қалуға тиіс.

Мамам менің тіземе екі сөмкені қойды да, біз өзіміз тұратын үйге қарай беттедік. Ол қатты қызыл қабықты үлкен бөренелерден салыныпты. Кіреп есіктің маңдайшасына бұғының ақ түске боялған үлкен мүйізі ілініпті. Менің байқауымша, оны қайтадан сырлайтын уақыт келіп қалған сияқты. Баспалдақтың жанында менің арбамен шығып-түсуіме ыңғайлы ағаш қондырғы орналасыпты.

Балконға шығып, төңірекке көз тастадым. Шатқалға жақын маңда осы жердегі үйлердің ішіндегі ең үлкені – жастарға арналған үй көрінеді. Дәл сонда лагердің кезекшілігі орналасқан. Өзіміздің балалардың бір тобын көріп, оларға қолымды бұлғадым. Жастар үйлерінің оң жағына Моника оқитын колледждегі балалардың үйі орналасыпты. Джош пен оның достарының «Ағаш үйшіктері» жайылымға жақын маңда екен.

Мен жататын үйлеріне қарай ұйықтайтын қаптарын көтеріп келе жатқан Чип пен оның досы Польшді байқадым. Келетіндердің бәрі дерлік жиналып болған сияқты. Сол сәтте ту сыртымнан:

– Эй! Сенің атың Дарси ма? – деген дауыс естілді.

Үстіне ақ кеудеше киіп, мойнына ақ мойынорағыш ораған, сірә, колледжде оқитын болар, жасы менен сәл

ересектеу қыз маған жақындап келіп, тіземнің үстіндегі сөмкелерді алды.

– Менің атым Бэтси, мен ана үйлердегі қыздардың тәрбиешісі боламын, – деді ол анадайда көрініп тұрған үйлерге қарай иегін көтеріп.

Маңдай шашымды артқа сілкіп тастап, оған күлімсірей қарадым. Содан соң арбама ыңғайланып отырдым, ал Бэтси сөзін әрі қарай жалғастырды:

– Егер ата-анаң қарсы болмаса, кешкі асқа бізге кел.

– Әрине, сөз жоқ барамын! – дедім мен сенімді үнмен.

– Онда жақсы болды, Дарси! Сағат алты жарымда асханада кездесейік.

Моника мен Джош достарына қосылып алған. Папам мен мамам өзге ата-аналармен көңілді әңгімеге кірісіпті. Келіп тоқтаған автокөліктің сигналы естілді – бұл Мэнди болатын. Лагерь өмірі басталып кетті.

Балқарағайдың тақтайларымен қапталған асхананың іші көлемді екен. Қабырғалары Америка жерінде болатын тағы жануар – бизондардың суреттері мен үндістердің жөке, сабан, қамыстан нығыздап тоқылған өрмелерімен безендіріліпті. Ошақтың үстінде аюдың терісі ілініп тұр. Айтары жоқ, Виллоубруктың дәл езі.

Мэнди ұзын спагетти мен фрикаделькалар салынған табақты әкеліп, тіземнің үстіне қойып берді.

Мен арбаммен үстел басына еркін орналастым. Жаныма Бэтси отырды.

Көп өтпей-ақ, оның біздің жетекшімізге айналатыны көрініп тұрды. Мұның еш таңданарлығы да жоқ еді, ол біздің тобымызға ескі достардай сіңісіп кетті. Қолынан біріншіліктің тізгіні шығып бара жатқанын сезген Эйприл сақтана бастады. Бэтси біртіндеп балалардың жүректерін жаулап ала бастаған-тын. Ұстаздарымыз бен сүйікті пәндеріміз жайлы сұрап, әрқайсымызға шынайы қызығушылық танытты. Тіпті, оның бастамасы бойынша

ертең таңғы астан кейін не істейтінімізді дауысқа салдық.

Балалардың бірнешеуі волейбол ойнағанды, бір бала суға шомылғанды, ал қалған көпшілігі тауға жорыққа шыққанды жақтады. Мен күлімсіреген күйі тыныш қана отырдым және ештеңені жақтап дауыс берген жоқпын.

Асханадан шыққан соң таза ауада әңгімелесу үшін аулаға жиналды. Бұл қоңыр салқын, тамаша түн болатын, жұлдыздар да әдеттен тыс жарқырап кеткен сияқты. Мен кеудемді кере дем алдым. Қарағайдың хош иісін құмарлана жұтып, түнгі алау басында отырғым келіп кетті.

Мэнди менің арбамды үйге қарай апаратын жолмен итеріп келе жатыр. Жанымызда Бэтси әлдебір әуенді салып, ысқырып келеді. Алдымызда ұсақ тастарды аяғымен тепкілеп, Чип кетіп бара жатыр. Қараңғыда оның сұлбасы аса зор болып көрінеді. Бізбен бірге Польш, Джеральд немесе басқа балалар емес, дәл соның жүргені қандай жақсы болды. Бәрінің алдында Эйприл секіре басып бара жатыр.

– Қызық, ертең жорыққа балалардың бәрі бара ма екен? – деп дауыстады ол артына бұрылып.

– Олардың қазірден бастап дайындалып жатқандарына бәс тігемін, – деп Чип. Эйприл ысқырып жіберді.

«Осы Эйприлді-ай, – деп ойладым мен. Қазір ол міндетті түрде менің баратын-бармайтынымды сұрайды. Сонда жорыққа бара алмайтынымды бүкіл лагерьге айқайлап айтуыма тура келеді».

Эйприл тағы да артына бұрылды.

– Ал сен барасың ба, Мэнди?

Мэнди арбамды итеруін тоқтатып, қолдарын шалбарына сүртті де:

– Баратын шығармын, – деді.

Енді менің жауап беретін кезегім келді:

– Мен сендермен бірге барамын деп ойлағанмын. Бірақ Моника ертең таңертең көлге шомылуға шақырып қойды.

– Сен де уақытыңды біз сияқты көңілді өткізерсің деп үміттенемін.

Сөйтті де Эйприл әрі қарай жүгіріп кетті.

Чип артына бұрылып:

– Кейде оның осындай ақымақтық істейтіні бар, – деді.

Бэтси бұған назар аударған жоқ, ал біз Мэнди екеуміз оның ескертпесіне көңілденіп қалдық.

Біз ересектер үйіне апаратын жол айырығына келген кезде, Чип сәл бөгелді де:

– Бізге ертеңгі жорықта сенің орның білініп тұратын болады. Бірақ мен әпкең екеуіңнің уақыттарыңды жақсы өткізулеріңе тілектеспін, – деді.

– Иә, әрине! – дедім мен.

Мен Мониканың ертең таңғы астан кейін не істейтінінен хабарсыз едім. Өзімді кінәлі сезіндім – балаларға өтірік айттым ғой.

7 тарау

Келесі күні таңертең өте ерте тұрдым. Тездетіп шашымды тарап, үйден шықтым. Соның өзінде таңғы астан кешігіп қалыппын. Бірақ балалардың жорыққа өзіммен көріспей кетіп қалғандарын қаламадым.

– Дарси, таң атпай қайда кетіп бара жатырсың? – деп дауыстады мамам артымнан.

– Жорыққа... жоқ, көлге шомылуға барам.

– Ой, одан да шыныңды айтсаңшы. Сен тіпті суға түсетін киіміңді де алған жоқсың ғой.

Жағажайға өзімнің шалбар және майкамен кетіп бара жатқанымды енді ғана байқадым.

– Ой, ұмытып кетіппін ғой, – дедім де, арбамды бұрып, қайта айналып келіп, сөмкеден суға түскенде киетін киімімді алдым. Кездескен адамдардың бәрі

менің жағажайға бара жатқанымды көруі үшін оны арбамның тұтқасына, көрнекті жерге іліп қойдым.

– Дарси! Көлге кіммен барасың? – деді мамам мені тергеуін жалғастырып. – Өз бетіңмен киім ауыстыра алмайтыныңды білесің ғой. Ол үшін саған жатуға тура келеді...

Бірақ бұл кезде мен үйден шығып, жастар тұратын үйге қарай бар жылдамдықпен кетіп бара жатқан болатынмын. Өз тобымдағы балалардың бәрін алыстан көру үшін бұл жолды әдейі таңдап алдым. Эйприлдің қонышы ұзын, қызыл баулы жаңа спорттық аяқ киім киіп алғанын байқадым. Чип пен Джеральд арқаларына жорыққа қажетті заттар салынған ауыр сөмкелер асынып алыпты. Бэтси маған қарай беттеді.

– Өзендегі уақытыңды жақсы өткізерсің деп ойлаймын, Дарси! Суға түскенде киетін киімің әдемі екен! – деді де, менің көздеріме тура қарады.

Мен оның мамам мен Мэнди сияқты ойымдағының бәрін оқып қойғанын білдім. Бірақ бұдан қысылған жоқпын. Мен де оның көздеріне тура қарадым. Бэтсидің бәрін жақсы түсініп тұрғанын білдім, ол мені аяп тұрған жоқ, жай ғана менің жайымды түсініп тұр және бұл өте тамаша еді.

– Мүмкін, жорыққа кетпей тұрып саған қандай да бір көмегімді тигізе алармын? – деп сұрады ол.

Мен күлімсіреп, басымды шайқадым. Бэтси:

– Балалар! Жорықтан келе салған бойда Дарсимен өзен басында кездесейік! – деп дауыстады.

Балалар онымен келісе бастарын изесті де, заттарын көтеріп, тауға апаратын соқпақпен жоғары көтеріле бастады. Мен олар көрінбей кеткенше арттарынан қарап отырдым.

Қазір қасымда Қорапшам болса ғой, шіркін! Бірақ оны үйге тастап кеткендіктен, хатымды тек ойша құрастыруыма тура келді. Неліктен мен барлық адамдар сияқты емеспін? Неге мен елмен бірге жорыққа бара алмаймын? Неге олар секілді тау суына аяғымды

салып, оның түбінде ақырын қозғалып жатқан тастарды сезіне алмаймын? Неліктен құлап жатқан ағаштың үстімен жүре алмаймын? Неліктен тау басынан жақсы көрінетін әсем табиғатты тамашалай алмаймын?

Күннен көзімді көлегейлеп, балалар көрінбес пе екен деп тауға қарадым. Сол сәтте көзіме жас үйіріле бастағанын сездім. Тағы бір мұңаю күні. Жоқ, олай бола қоймас! Бұған жол бермеймін! Мен осылай шештім! Көбелек іздеп жан-жағыма көз тастадым. Бірақ маңайымдағы қозғалатын нәрсе тек желмен тербеліп тұрған қарағай бұталары ғана болды.

«Тәңірім! – дедім жалбарынып. – Қазір көбелекті көру мен үшін өте маңызды! Өтінемін! Мен жорыққа бара алмаймын, Сен жаратқан тамаша табиғатты өз көзіммен көре алмаймын! Дәл қазір Өзің жаратқан қандай да бір жаратылмыш маған өзі келетіндей етіп жасашы! Маған көбелек немесе басқа бір кез келген нәрсені жіберші!»

Мұрнымды тартып қойып, жан-жағыма көз сала он минут бойы қозғалыссыз отырдым. Бірақ еш нәтиже жоқ. Тіпті, қарағай бұталары да тербетілуін тоқтатыпты.

Шомылғанда киетін киімімді аяғымның астына тастадым да, баяулап үйге қарай қозғалдым. Таңғы астарын ішу үшін папам мен мамам үйден шықты. Мен де асханаға олармен бірге барайын деп шештім.

– Таңертеңгілік шомылу қалай болды? – деп сұрады мамам. Ол менің жылап жібергенімді күткендей басымнан сипады.

– Мен шомылған жоқпын, – дедім дауысымды барынша жайбарақат шығаруға тырысып.

Біз асханаға кіріп, бос орынға жайғастық. Әкем ыстық құймаққа тәбетпен бас қойды, мамам нанға джем жағып жеп, кофе сораптады. Ал менің түкке тәбетім болмады.

Таңғы астан соң әке-шешеммен бірге көл басына бардым. Моника да сонда екен. Біз Джоштың каноэні қалай меңгермек болып тырысып жатқанын бақылап

отырдық. Үйдегілермен бірге менің де Джошқа жанкүйерлік жасап, жігерлендіргім келді, бірақ бүгінгі көңіл-күйім бұған сай келмейтін еді. Көлде болып жатқан жағдайды сырттай бақылап, үнсіз отырдым.

Арада біраз уақыт өтті, ал мен жан-жағыма қарап, көбелек іздеумен болдым. Бірақ көл жағасынан да оларды көре алмадым.

Кенет жастар үйі жағынан айқайлап күлген дауыстар естілді. Мен сағатыма қарадым. Сірә, олар жорықтан қайтып оралған болса керек. Мен күтпеген жерден: «Жарайсың, Джош! Алға!» – деп қуана айқай салдым да, жеделдете үйлерге қарай бет алдым.

– Қайда асығып барасың? – деп сұрады Моника.

– Мені балалар күтіп отыр!

Мен келген кезде шаршап-шалдыққан балалар иықтарындағы сөмкелерін шешіп, оларды бір жерге үйіп жатты.

– Иә, жорық қалай болды? – деп сұрадым мен.

Ұлдардың біразы маған ойылып қалған алақандарын көрсетті, ал қыздар орамалдарымен беті-қолдарын сүрткілеумен әуре болып жатты. Эмиді құшақтап, маған қолын бұлғап тұрған Эйприлді көрдім. Мен де оған қол бұлғап жауап қаттым.

– Ал Мэнди қайда? – деп сұрадым мен.

Эйприл сөмкесінің шаңын қағып жатқан Бэтсиге қарай иегін көтерді. Оның артында

Мэнди мен Чип екеуі ақырын сөйлесіп отыр екен.

– Ей, Ала тышқан! – деп дауыстады Джеральд Чипке қарап. Балалардың бәрі күліп жіберді.

– Ала тышқан? – деп Мэндиге жақындап, таңдана тіл қаттым мен.

– Чип – Ала тышқан! – деді Эйприл сықылықтап. – Енді колледжде де оны солай атайтын боламыз.

Мэнди орнынан тұрып, шалбарының шаңын қақты. Содан соң маған Чиптің сөмкесіндегі жорыққа алып шыққан тағамдарының бәрін ала тышқандардың жеп кеткенін түсіндірді. Ол мұны айтқан кезде балалар

тағы да күлді. Чип ешнәрсе сездіргісі келмесе де, қысылып тұрғаны байқалып тұрды. Бэтси де күлімсіреді. Ал мен балалармен бірге күліп жібермеуге тырыстым.

Демдерін басып алған балалар үйді-үйлеріне тарап кетті, ал Чип менің қасымда аялдап қалды. Өзінің мойнындағы орамалды менің арбамның дөңгелегіне байлады да:

– Қалай, өзіңе күтуші таптың ба? – деп сұрады.

Бұрын мен мұндай ақымақ сұраққа күліп қана қоя салған болар едім. Бірақ бұл жолы Чиптің жаман ешнәрсе ойламағанын білсем де, неге екені белгісіз, оның қалжыңы маған ауыр тиді.

– Өзен басына келмей, сендер көп қызықтан қағылдындар! – дедім мен сергек үнмен.

– Ал онда не болды? – деп сұрады Мэнди.

– О, каноэ жарысы және тағы басқалар, – дедім дәл бір сол жарыстарға өзім де қатынасқандай үнмен.

Мен күтпеген жерден асқазанымның шаншып кеткенін сездім. Мұның бүгін ешқандай тамақ ішпегендігімнен немесе достарымның алдындағы бұл ойынымның маған өте ауыр соққанынан екенін біле алмадым. Өтірік айтқанымды бәрі біліп тұрғандай болып көрінді.

Содан соң кафеге бару үшін ақша алуым керектігін айтып, үйге қарай беттедім. Чип пен Мэнди әрі қарай кетті, ал Бэтси кетуге асығар емес.

Мен оның бетіне қарай алмадым. Ұяттан өртеніп бара жатқан сияқтымын. Неге бірде-бір көбелек көрінбейді десеңші?

Үйге кірдім де, Бэтсиді де шақырдым.

– Ұсақ ақшаларыңды табу үшін көмек қажет пе? – деп сұрады ол.

Мен бұдан әрі көлгірси беруге шыдай алмадым. Бұл жағдайдан бір нәрсе қылып шығу қажет еді.

– Иә, әмияным төсектің үстінде жатыр, – дедім мен.

Бэтси оны әкеліп менің тіземнің үстіне қойды.

– Енді бәрі жақсы ма?

– Иә, әрине! – деп жауап бердім әмиянымнан басымды көтермей.

– Бәрі жақсы екеніне шынымен сенімдісің бе? – деп сұрады Бэтси менің жаныма отырып жатып.

Мен оның бетіне тура қарадым да, жылап жібердім. Солқылдап отырып тартысып жатқан сезімдерім туралы бір нәрселер айттым. Адамдардың бәрі сияқты денімнің сау болғанын қалайтынымды, жорыққа шығып, суда жүзгім келетінін және Чип пен Мэндимен бірге жай ғана серуендеп жүргім келетінін айттым. Менің мұндай қылығымның тағы бір себебі бар болатын: бұл сезімді жек көрсем де, екеуі жеке қалған кезде Чипті Мэндиден қызғанатынымын! Чип пен Мэнди! Менің ең жақын екі досым!

– Иә, Дарси! – деді Бэтси мені құшақтап. – Елдің бәрінен өзгеше болу өте қиын.

Мен басымды изедім. Ішімдегі шерім тарқап, өзімді жақсы сезіндім.

– Бірақ сен ойлап қарашы, Дарси, сенің бойыңда көптеген артықшылықтарың бар ғой! Мен сенің әдемі шашыңды, көгілдір көздеріңді немесе секпілдеріңді айтпаймын, – ол менің мұрнымнан ақырын шертіп қойды. – Мен басқа нәрсе туралы айтып отырмын: сенің адамға жаның аши алады және сен өзгелерді терең түсінесің. Сен, тіпті, ересектердің көбі шыдай алмайтын сынақтан абыроймен өттің ғой.

– Бірақ бұл мені көп ойлардан арылта алмайды ғой.

– Құдай бәрін көріп тұр, Дарси! Өз қамын ойлай алмайтындардың қамын Құдай ойлайды.

– Мен бүгін мінежат еттім, – дедім әлі де солығым-ды баса алмай. – Балалармен бірге жорыққа бара алмағандықтан, Құдайдан маған жұбаныш белгісі ретінде бір тірі мақұлықты жіберуін өтіндім. Бірақ ешнәрсе болмады. Балалардың жолдары болып, ала тышқандарды көріпті. Ал мен тіпті шылаушын да көре алмадым.

– Құдай сенің мінәжатыңа жауап бермеді ме? – деді Бэтси көз жасыммен бетіме жабысып қалған шаштарымды алып жатып.

Мен басымды шайқадым.

– Ол күтіп қалған болуы керек...

– Күтіп жатыр? Нені?

– Сенің ойыңа да келмеген бір нәрсемен жауап беру үшін күтіп жатқан болар, бәлкім. Айрықша бір нәрсемен.

Бэтси жылы жымыып, менің қолымды қысты:

– Ұмытпа. Қандай да бір ерекше жолмен.

8 тарау

Келесі күндер аса қызықты болды. Лагерь өмірінің баурап алғаны сондай, өзім жорыққа бара алмаған сол күн туралы ойлауға да мұршам болмады.

Джош каноэ жарысына қатысуға дайындалып жүр. Моника Мэнди екеуімізді өзінің сүйікті волейбол командасына жанкүйер болуға шақырды. Қап киіп алып жүруден және қарбыз жеуден жарыстар ұйымдастырдық. Оның сыртында достарыммен бірге лагердің айналасына серуендедім, аквалангпен су астында жүздім және аттарды көруге бардым. Содан соң, әрине, таңертең және кешкісін бақташымыз Робтың уағызын тыңдап жүрдік.

Бақташы Роб өзінің кейінгі уағыздарын мінәжатқа арнады. Ол қазір біздің уағыз тыңдауға аса құлықты емес екенімізді түсінетін: өйткені біз өзенде шомылып, ыстық күн астында жүгіруге асығып тұратынбыз. Бірақ бір күні оның уағызының мені баурап алғаны сондай, тіпті, кеткім келмеді.

Бақташы Роб біздің алдымызда бір қолын Киелі кітапқа қойып тұрды. Ол Құдайдың мінәжатты әр уақытта да еститінін айтты. Бірақ Ол адамдардың тілегін кейде орындайды, ал кейде орындамайды. Кейде тілекті орындайтын уақыт келді деп шешкенше,

адамдарды көп күтуге мәжбүр етеді. Ал кейде Құдай мінәжатымызға бірден, бірақ біз күткеннен басқаша жолмен жауап береді.

Мен тырнағымды тазалап, бақташыны мұқият тыңдап отырдым. Құдай менің жорыққа бара алмай қалған күнгі мінәжатыма қалай қарады деп ойладым. Ол менің тілегімді ұмытып кетпеді ме екен?

Сірә, Құдай менің тілегімді назар аударуға тұрмайтын, болымсыз және ақымақтық тілек деп шешкен болар. Немесе Өзінен менің ержетіп, ақыл тоқтатуымды сұрағанымды қалайтын болар? Иә, болымсыз нәрселер туралы сұраудың қажеті жоқ шығар.

Бақташы Роб Киелі кітабын жапты да, мінәжат етіп, бізге қайырлы түн тіледі. Мен жылы кеудешемді арқама жамылдым да, жарқыраған жұлдыздарға қызыға көз тастап, әкем мен шешемнің артынан үйге қарай бет алдым.

Бұл менің өмірімде алғаш рет көрген ең жұлдызы көп түн болды. Жұлдыздардың көптігі сондай, олардың жарқырауынан аспанның түсі құбылып тұрды.

Бірнеше күн бұрын Мониканың Киелі кітабынан оқыған: «Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа, Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға назар аударған әрбір уақытымда», – деген сөздерді есіме алдым». Тәңірім, Сен бір мезгілде барлық жерде боласың! Сондықтан да мен үшін қалай уақыт таба аласың? Сірә, болмашы нәрсе үшін Сенің мазанды ала бергенім дұрыс болмас. Енді мен Сенен тек маңызды нәрселер туралы ғана сұрайтын боламын. Мен Сенен тек аса мұқтаж болған жағдайда ғана сұраймын».

Осылай деп ойлап, қымбат бір нәрсемді жоғалтып алғандай мұңайып қалдым.

Моника үйіміздің артында отын жинап, оларды алауға тастап жатыр. Бүгін кешкі асымызды шоққа пісірмек болып шешім қабылдағанбыз. Мэнди де бізбен бірге болатын.

От жақсы тұтанғаннан кейін астымызға көрпешелер төсеп, алауды айнала жайғасып отырдық. Моника таяқшаларды ұштаумен айналысты, ал Мэнди екеуіміз американдық тағам – қауынқақ қораптарын ашып жаттық. Мен оларды таяқшаның басына кигізіп, отқа қоя бастадым. Моника болса, өзінің таяқшасындағы созылмалы тәтті тамағын жей бастаған. Мен оның бұл кешті бізбен бірге өткізуге келіскеніне қуанышты едім.

Оттың сәулесі менің бетімде ойнап тұр. Шегірткелердің шырылы, үй ішіндегі мамамның ән салған үні құлаққа келеді. Бұл бір түрлі, айрықша түн еді.

Моника тағы бір қауынқақты таяқшасының басына түйреп, отқа қақтай бастады. Сол мезетте оның арт жағында бір нәрсенің жыбырын байқап қалдым. Қараңғылыққа көз тігіп, ұзақ қарадым. Үлкен, қап-қара бір нәрсе қозғалысын жалғастыра берді. Мен таяқшамды жерге қойдым да, түтіннен қашып бір жағыма қарай қисайдым. Мониканың артында үлкен бір кара ит тұрған сияқты.

Моника мамам үйде айтып жатқан әнді ыңылдай қайталап, қолындағысынсын отқа қақтауын жалғастыра берді. Өлгі дәу ит тағы да қозғалды да, кенеттен артқы екі аяғымен тұра қалды. Менің басыма: «Иттер бұлай істемейді ғой!» – деген ой келді. Тек сол кезде ғана оның ит емес екенін түсіндім. Бұл аю болатын!

Менің әпкемнен бірнеше сантиметр ғана қашықтықта аю тұр.

– Моника, Құдай үшін, орныңнан қозғалма! – деп сыбырлады мен есім шығып.

Әпкем маған таңдана қарап, қауынқақтың келесі қорабын ашуын тоқтатты.

– Моника! Сенің артыңда аю тұр!

– Дарси! – деді Моника ренішті үнмен. – Осындай қалжыңды қашан қояр екенсің?

Мэнди қараңғыға көзін тігіп, онда шынында да біреу бар ма деп қарай бастады.

Шоколад, печенье мен қауынқақ иісін сезген аю тұмсысығын созды. Күтпеген жерден ол көтеріліп артқы аяқтарына тұрды.

– Моника! Мені тыңдашы! Шын айтамын, дәл артыңда аю тұр! – дедім оған көзіммен ымдап.

Ақыры әпкем мұның қалжың емес екенін түсінді. Ол таяқшасын тастай салып орнынан тұрды да, аюмен бетпе-бет келіп қалды.

– Ой! – деді ол айқайлап жіберуге шақ қалып. Содан соң қайтадан бөрененің үстіне отыра кетті. – Шынында да аю ғой!

– Қозғалма, қозғалма! – дедім жалбарынып.

Мэнди маған ақырын жақындады.

– Енді не істейміз?

Сол екі арада аю Мониканың кеудешесін, аяқтарын иіскеп, ол жерге тастап жіберген қауынқақты жалай бастады. Қазір ол отқа жақындап келген кезде оның қаншалықты алып екенін көрдік. Қап-қара жүндері оттың сәулесімен жылтылдап тұр, ал күшті тырнақтары дәл пышақ сияқты ұзын екен. Аю қауынқақты жалаған кезде оның ұзын қызғылт тілі мен өткір тістерін көрдік. Енді ол тағы да жейтін нәрсе іздей бастады.

Ол Мониканың жанынан кетіп, маған қарай беттеген кезде Моника бөрененің артына барып тығылды. Мэнди менің арбама жабыса түсті.

– Енді не істейміз? – деді ол есі шығып.

– Ең бастысы – қозғалмау керек, – дедім мен сыбырлап. – Менің ойымша ол тек тамақ іздеп жүр.

Үлкен аю отты айналып өтіп, менің арбамның басқышын иіскей бастады. Аяғымды жауып отырған жамылғыны иіскелеп шыққан ол түшкіріп қалды. Мен қолдарымды да жамылғының астына жасырып алдым, өйткені олардан шығып тұрған шоколад пен қауынқақтың иісі оның назарын аударуы мүмкін еді. Болып жатқан оқиғаға сену қиын еді – менің қарсы алдымда нағыз аю тұр! Қорыққанымнан арқам мұздай

болып кетті. Өзімнің мүгедектік өмірімде бұрын-соңды болмаған күйде қимылсыз отырдым.

Аю менің арбамды айнала бастаған кезде Мэнди шыдай алмай қаша жөнелді. Жолда тасқа сүрініп құлап түсті де, тұра салып бөрененің артындағы Моникаға беттеді. Тек дәрменсіз, жападан жалғыз мен ғана үлкен аюмен бетпе-бет қалдым. Мен қашқым келген күннің өзінде орнымнан қозғала алмас едім, өйткені арбамның алдыңғы дөңгелектеріне үлкен тастар тіреулі болатын.

Сол сәтте қолымда бірнеше қауынқақтың бар екенін есіме алдым. Сонда менің басыма тамаша ой келді.

«Ал, аю мырза! – дедім оларды өзімнен алысқа лақтырып жатып. – Солардың артынан барыңыз!»

Аю өзінің үлкен басын бұрды да, иіскелеп, анадая жерде жатқан қауынқақтарға қарай жүрді.

Осы сәтте мамам үйдің ашық есігінен сыртқа қарап:

– Онда не болып жатыр? – деп айқайлады.

Аюды үркіту үшін осы да жеткілікті болып шықты. Ол ыңыранып қалды да, жолындағы табақтарды құлата қараңғылыққа сіңіп, ғайып болды.

Осыдан кейін бей-берекет айқай-шу көтеріліп кетті. Әке-шешем көршілерді шақырды. Ашылып жатқан есіктердің дыбысы естіліп, орманға прожектор жарық түсірді, тіпті, әлдекім дабылды да іске қосып жіберді. Бүкіл лагерь қозғалысқа келді.

– Де Ангелис бикеш, сізбен бәрі ойдағыдай ма? – деген Бэтсидің дауысын естідім.

– Дарси, не болды? – дейді Чип.

– О, Дарси ерлік жасады! – деді Мэнди аптығып.

Бәрі алаудың маңына жиналып, маған көздерін тікті.

– Мен... меніңше қозғала алмайтындығымның пайдасы тиді ғой деймін. Аю, тіпті, мені байқамаған да сияқты, – дедім батыл болып көрінуге тырысып.

– Сен не, мүлде қорыққан жоқсың ба? – деп сұрады Эйприл көздерін бақырайтып.

Мен сәл ойланып қалдым:

– Жоқ, қорыққан жоқпын. Мен есімнен тана жаздадым. Ойлап қарашы: нағыз аюмен бетпе-бет келу!

Қорқынышымыз басылған соң, бұл жағдайды қызық бір сәт ретінде ғана қабылдадық.

– Тәттілерді лақтырып, аюдың бетін аударғаның табылған ақыл болды! – деді Моника.

– Менің жанымда қауынқақтың бүтін бір сәмкесі жатты, ал менің басыма келген алғашқы ой – оларды аюдан алысырақ жасыру болды.

– Иә, сендер Мэнди екеуің «ерледіңдер»! – деді мамам. – Дарсиді аюдың жанына жалғыз тастап қаша жөнелдіңдер.

– Жарайды, мама! Мен аюдың өзіме еш жаманшылық жасамайтынына сенімді болдым. Бір жамандықтың бір жақсылығы болады. Мен арбаға таңулы болғандықтан, қозғалмай тыныш отырғаннан басқа амалым болған жоқ.

– Иә, басқа-басқа, қозғалмай отыру сенің қолыңнан келеді, – деді Моника.

– Дарси, ол не қылған аю екен? – деп сұрады Чип.

Біз болған жағдайды бірнеше қайталап айтып бергеннен кейін ғана адамдар үй-үйлеріне тарай бастады. Бэтси иығымнан құшақтап, менімен қатарласып келе жатты.

Кенет ол маған бетін тақап:

– Ал, қалай екен? – деп сұрады.

– Не «қалай екен»? – дедім мен ештеңеге түсінбей.

– Мінәжатқа жауап туралы сен енді қалай ойлайсың? Мен кілт тоқтай қалдым.

– Иә, сен дұрыс айтыпсың! Бұл көбелек те, құрт та емес! Құдай маған аюды жіберді!

– Міне, кейде Құдай мінәжатқа осылай ерекше жауап береді, – деп сыбырлады Бэтси.

Мамам мені төсегіме жатқызғаннан кейін, мен терезеден түскен айдың сәулесін бақылап, көп уақытқа дейін ұйықтай алмай жаттым. Тым қатты толқу үстінде едім, бірақ бұл тек аюға ғана байланысты емес-тін. Мен

Бэтсидің айтқандары туралы ойлаумен болдым. Құдай күтпеген жерден айрықша жолмен белгі берді және мұны арнайы мен үшін жасады.

Құдай үшін болымсыз немесе ақымақтық болып көрінетін өтініштер болмайды. Бақташы Робтың айтқаны дұрыс болып шықты – Құдай біздің мінәжатымызға өзіміз күтпеген, айрықша жолмен жауап беру үшін біраз уақыт күтеді.

Мені толғандырған тағы бір мәселе мынау еді. Егер Құдай менікі сияқты болмашы өтініштің өзіне мұқият қарайтын болса, онда Ол өмірлік маңызы бар өтініштерге қалай қарайды десеңші! Мысалы, менің мүгедектік арбам туралы немесе тау суын жалаң аяқ кешіп жүргім келетіні туралы мінажатыма қалай қарайды екен?

Тәңірім! Бүгін Сен мен үшін өзім күткеннен де артық керемет жасадың! Мүмкін, өзгелердей болмау соншалықты бір қорқынышты емес те шығар. Бірақ кемтар бола тұра, өзімнің жағдайымды қалай жақсы көре аламын? Бұл менің қолымнан келер ме екен? Өтінемін, мені Өзің үйретші?

Ай бұлттың астына жасырынды. Мен Құдайдың не деп жауап беретінін білмейтінмін. Бірақ оның жауап беретінін білемін және мұның әдеттен тыс жауап болатынын сеземін.

9 тарау

Отбасылық таңғы асты ерте іштік. Менің қарным қатты ашып қалыпты, сондықтан да таңғы асқа тәбетпен бас қойдым. Тамаққа толы ауызбен жауап беру ыңғайсыз еді, бірақ адамдар аю туралы сұрақтарын жалғастыра берді.

Қолында добы бар Мэнди біздің үстелге жақындап келіп:

– Сен волейбол ойынына дайынсың ба, Дарси? – деп сұрады.

– Ой, ұмытып кетіппін ғой, – дедім мен сүлгімен аузымды сүртіп жатып. – Қазір дайын боламын. Ал балалар командаларға бөлініп қойды ма?

– Жоқ әлі. Бірақ біз капитандарды сайлап қойдық.

– Олар кімдер? – деп сұрадым үстел басынан шығып келе жатып.

– Чип – «ала тышқандар» командасының капитаны, – деді Мэнди допты бір қолынан екінші қолына қаққылап тұрып. – Ал... Дарси – «аюлар» командасының капитаны.

– Қалжыңдап тұрған боларсың?

– Мүлде олай емес! Бұл тамаша емес пе? – деді ол күлімсіреп. – Біз таңғы астан соң бірден жиналып, осылай шешім қабылдадық.

– Дарси! Мен сен үшін өте қуаныштымын! – деді кофесін ішіп болған мамам.

– Ал сендер маған жанкүйер болуға барасыңдар ма? – деп сұрадым туыстарымнан.

Джош жақтырмаған түр көрсетіп, басын шайқады.

– Сен қалай ұялмайсың, Джош! Каноэ жарысына қатысқаныңда саған жанкүйер болдым емес пе?

– Дарси дұрыс айтады, – деді папам Джошқа қарап.

– Жарайды, жарайды! – деді Джош.

Арада бірнеше минут өткенде, Мэнди екеуіміз волейбол алаңында болдық. Бұл нашарлау алаң болатын. Бірақ, әйтеуір, торы бүтіндеу екен және жақсы тартылыпты. Жері қатты, бұл арбадағы мен үшін өте ыңғайлы еді, ал құлағандар үшін жеңіл болмасы анық.

Мен күшімді сынап, допты лақтырып көрдім. Бэтси ақ ұнтақпен алаңның сызықтарын белгілеп жүр. Ысқырық естілді де, балалар алаңға жинала бастады. Команда мүшелерін анықтау керек болатын.

– Чип, Дарси! Келіңдер, команда мүшелерін анықтап алайық, – деп дауыстады Бэтси.

Командаға бөліну жылдам болды. Чип өз командасына жақсы ойыншыларды іріктеп алуға тырысты, оның есесіне, көпшіліктің пікірі бойынша, тор

алдындағы ойында ешкім тең келмейтін Польша өз жағыма шығарудың сәті түсті. Оның қарсысына Эми орналасты. Ақыры біз команда мүшелерін, тіпті, қосалқы ойыншыларды да жасақтап алдық. Біздің қауымға жаңа келген Росита атты қыз бен онша жақсы ойнай алмайтын Эйприл қосалқы құрамда қалды.

Олардың ойыннан тыс қалғанына өзімді ыңғайсыз сезіндім. Мұның қалай болатынын жақсы білетін едім..

– Эйприл! Қамықпа. Сен бәрібір бізбен біргесің ғой! – деп дауыстадым мен.

– Бұған да рахмет! – деді Эйприл бұртиып.

– Ал енді ойынды бастаймыз, – деді Бэтси. – Дарси, сен бірінші бастайсың, дайынсың ба?

– Дайынмын! – дедім мен.

Мамам, папам, Моника және Джош өзге жанкүйерлермен бірге алаңның жиегінде бізге қол соғып отырды.

Біз есеп ашып, бес ұпай алға шықтық, бірақ содан кейін доптан айырылып қалдық.

Допты ойынға қосу кезегі Чиптің командасына өтті. Екі ұпайдан кейін доп бізге өтті, сол кезде Эйприл алаңға шықты. Ол алыстан доп берді де, доп торға сәл ғана тиіп барып, «ала тышқандардың» алаңына түсті.

– Жарайсың! – деп айқайлады мен.

Эйприл мақтау күтіп, трибуна жаққа маңғаздана көз тастады.

Өкінішке орай, оның келесі соққысы сәтсіз болды да, осыны пайдаланған «ала тышқандар» үш ұпай айырмасымен алға шықты. Біз командамызда орын алмастыру жасадық та, Эйприл менің жанымнан орын алды.

Содан кейін не болғанын өзім де дұрыс білмей қалдым. Бар есімде қалғаны – бізге қарай ұшып келе жатқан доп болатын. Мен соны айтып Эйприлге айқай салдым, ал ол доптың алдына қарай жүгірді. Мен қатты соққыны сезіндім, ал арбам аударылып кетуге шақ қалды. Эйприл жерде домалап жатты.

– О-о-ой! Аяғым сынып қалды... Мен оны сындырып алдым! – деп айқайлайды Эйприл.

Оның түрі аянышты еді. Бэтси ысқырып қалды да, ата-аналар Эйприлге көмек көрсетуі үшін балаларды қасына жинап алды. Мен өзімді өте ыңғайсыз сезіндім. Мен не істедім!

Әкем оның аяғын қарап, қай жерің ауырады деп сұраған кезде Эйприл ыңырсып, өзінің ісіп шыға келген жіліншігін көрсетті.

– Бәріне қарғыс атқыр арба кінәлі! Егер ол маған келіп соғылмағанда, құламас едім.

Мен ештеңе демедім. Және не айта алмақпын?

– Жоқ, Дарси, сен ештеңе ойлама! – дейді Эйприл ыңырсып жатып. – Бәрі сенің арбаңның кесірі.

Бірақ мұны Эйприл түйсінсе де, түйсінбесе де, «қарғыс атқан арба» – менің өзім едім. Бір сәтке маған, тіпті, Эйприл мұны түсінетіндей болып көрінді. Артқа қарай жылжу үшін арбамның дөңгелегін айналдыра бастадым.

– Дарси, қозғалма! – деп айқайлап жіберді Эйприл. – Енді менің екінші аяғымды басып кетіп жүрерсің.

– Мен сенің аяғыңды басқан жоқпын, Эйприл! Сен арбама өзің келіп соғылдығың!

– Дарси, жетеді! – деді әкем мені иығымнан тартып.

– Папа, бірақ...

– Ешқандай «бірағыңды» айтпа!

– Не болыпты, аяғым шынымен сынып кетіп пе, мистер де Ангелис? – деп сұрады Эйприл.

Сол сәтте алаңға Эйприлдің әке-шешесі де келді. Олар менің әкеммен бірге Эйприлді көтеріп алып, дәрігерлік пунктке алып кетті.

Мен өзімнің жаман еш нәрсе жасамағанымды білетінмін, бірақ көңіл-күйім бұдан жақсара қойған жоқ. Маған арбам екеуміз мыңдаған көздердің нысанасына ілініп тұрғандай болып көрінді.

Бэтси балаларды алаңнан таратып, маған жақындады. Әдеттегідей мені иығымнан құшақтап:

– Мұның бәрін көңіліңе алма! – деді. – Эйприлдің жағдайы жақсы болар деп ойлаймын. Қазір барып, онда не болып жатқанын байқайын.

Бэтси дәрігерлік пунктке қарай жүре берді де, кенет артына бұрылып:

– Есінде болсын, Дарси! Не нәрсе болсын, бәрі игілік үшін жасалады. Қара да тұр! – деді.

Қайтадан уайымға беріле бастаған мен кенеттен волейбол алаңының арғы жағында ұшып жүрген екі көбелекті байқап қалдым. Олар шеңбер құра айналып ұшып жүрді де, содан соң өз шаруаларымен әлдеқайда ұшып кетті. Бұл маған берілген белгі болатын.

Жалпы, жаңағы болған жайтты қайғылы оқиға деп есептеуге келмейтін. Бомба жарылған жоқ және оқиға орнына ұлттық күзет қызметкерлері де шақырылған жоқ. Эйприл өмір сүретін болады. Мен де аман қалармын деп үміттенемін. Өмір жалғаса береді.

Сондықтан да өзімді және Эйприлді аяп, жабығудың қажеті жоқ. Бәрі де орнына келеді. Осылай ойлаған мен іштей өзімді парасатты және дана ойлауға үйренгенім үшін құттықтап қойдым.

Сол кезде жаныма Моника келді:

– Не болды? Бүгін ісің ілгері баспай тұр ма?

Мен Бэтсидің дәрігерлік пунктке кіріп бара жатқанын байқадым.

– Мүмкін! – деп жауап бердім. – Олай болмауы да ықтимал.

10 тарау

Таңғы асымды ішу үшін асханаға келгенімде, аяғы гипстелген Эйприлді көрдім. Ол орындықта отыр екен, жанында балдақтары жатыр. Сіңірін созып алған екен, сондықтан да дәрігер оған мүмкіндігінше көп қозғалмауды тапсырыпты. Бұл Эйприлге ұнамады – ол

қайнаған оқиғалардың қызу ортасында жүргенді ұнататын.

Мен оның қасына жақындап келдім:

– Қалайсың, Эйприл?

Оның әкесі мен шешесі бастарын изеп, менімен күлімсірей амандасты, бірақ олардың түрлеріне қарап, Эйприлдің бәріне мені кінәлі етіп көрсетіп қойғанын ұқтым. Бәріміз бір үстел басына отырдық.

Эйприл қолындағы шанышқысын айналдырып отырып:

– Ең қиыны артта қалған болар деп үміттенемін, – деді.

– Мен болған жайт үшін қатты өкінемін, – мен «өкінемін» деген сөзге әдейі салмақ түсіре айттым.

Эйприл шынтағын үстелге қойып, тәрелкелерге қарап кетті. Ал оның мамасы:

– Сенің жолдан арбаңды тез алып үлгіре алмағаныңды түсінеміз, – деді.

Мен ашулана бастағанымды сездім. Эйприлге тек доптың бізге қарай ұшып келе жатқанын айтқанымды, ал оның қате қадам жасағанын түсіндірмек болып тұрдым да, бұл ойымнан лезде айнып қалдым.

– Міне, енді екеуіміз де мүгедекпіз, – дедім күліп. – Бірақ жаңа айттым ғой, осылай болғаны өте өкінішті.

Мен кешірім сұрағаннан кейін Эйприл жіби бастады.

– Жарайды, аяғы жақсы біткен іс жақсы! Бұл мен үшін аса бір қорқынышты емес. Тек, «Вестерн түніне» қатыса алмайтыным ғана өкінішті.

Бүгінгі кеште демалушылардың бәрі «жабайы Батыстың» тұрғындарының киімдерін киіп, карнавалға қатысуға даярланып жатқан болатын. Бақташы Роб әділ қазының міндетін атқарып, ең жақсы деген костюмдерге сый-сияпат беруге тиіс еді. Ал бұл мүлде менің есімнен шығып кетіпті.

– Бүгін екеуіміз «мүгедектер жұбы» немесе соған ұқсас бір бейнеде киініп шығуымыз керек қой деймін, – дедім мен қалжыңдап.

Эйприлдің маған қараған түрінен оның қалжыңымды бағаламағанын түсіндім. Мүмкін, шындық оның жанына батқан болар: бір нәрседен кемтар болған өте қиын ғой. Немесе ол енді бәрінің өзіне мен сияқты мүгедек ретінде қарайтынымен келісе алмаған шығар.

Мен онымен қоштастым да, өзге балалармен бірге таңғы асын ішіп болған Бэтсиге қарай жүрдім. Балалар «Вестерн түніне» кімнің не киетінін қызу талқылап жатты. Джеральдтің американдық бақташы болып киінгісі келеді. Ал біраз балалардың виски сатушылардың киімін кигісі келеді екен. Эмидің арманы Анни Оуклейдің костюмін кию, Чип пен оның достары шерифтің және оның күзетшілерінің киімін киеміз деп шешіпті.

Испан қызы Роситаның әңгімеге араласпай, үнсіз отырғанын байқадым. Мен сияқты ол да балалардың кешке арнаған жоспарларын тыңдап, үнсіз отыр.

Бэтси алдындағы ыдыстарын жинап, орнынан тұрды:

– Балалар, сендердің жоспарларыңның тамаша екендігіне талас жоқ. Бірақ естеріңде болсын: бір үйде тұратын болғандықтан, біз бір команда болуға тиіспіз. Сондықтан да, әркім ортақ қойылымдағы өз рөлін ойнауы керек.

– Бұл мүмкін емес қой! – деді Чип қарсылық білдіріп.

– Ал мен бұлай ойламаймын, – деді Бэтси. – Бұған қоса, бұл әркімнің бүкіл команда туралы ойлауына көмектеседі.

Балалардың біразы ауыр күрсініп, алдарындағы ыдыстарын жинай бастады. Арада аз уақыт өткенде, асханада Бэтси, Росита, Мэнди және мен төртеуіміз ғана қалдық.

– Ал, қыздар, қандай ойларың бар? – деді Бэтси шынтағын үстелге тіреп.

– Менің ойымша, шериф пен оның адамдары туралы ой – ең жақсысы сияқты, – деді Мэнди. – Оған балалардың барлығы дерлік қатыса алады.

– Иә, барлығы дерлік, бірақ бәрі емес. Ал бізге бәрінің қатысқаны керек, – деді Бэтси жаңа ғана ыдысын жинаған Роситаға көз қырын тастап. – Содан соң, Эйприлді де ұмытпаңдар.

– Ал Эйприлге не болыпты? – деп сұрадым мен.

– Аяғының жарақаттануына байланысты, ол бүгінгі көрініске қатыса алмаймын деп есептейді, – деді Бэтси маған түсіндіріп.

– Онда тұрған не бар екен! Бар болғаны сіңірін ғана созып алған! Төніп тұрған ештеңе де жоқ! – деді Мэнди. – Дарсидің бүкіл денесі жаралы, бірақ ол бүгінгі карнавалға бармай қалайын деп отырған жоқ. Солай емес пе, Дарси?

Оның сөзін Бэтси іліп әкетті:

– Міне, міне, Дарси! Дәл сол себептен де Эйприлмен өзгелерге қарағанда жеңіл тіл табыса аласың. Оны жігерлендіріп, шамаңның келгенінше көмек жаса.

– Мен? Мен Эйприлге көмектесе аламын ба? Ол менің енді екеуміз де мүгедек болдық деген бір-ақ ауыз сөзімнен тулай жөнелген. Ол менің көмектескенімді қаламайды.

– Екеуің де мені тыңдандаршы. Сендер – ақылды, сезімтал және өте жақсы қыздарсыңдар. Құрбыларың Эйприлдің сендердің көмектеріңе мұқтаж екенін түсінуге тиіссіңдер. Ол қазір өзін өте бақытсыз сезініп жүр, – деді Бэтси.

– Эйприл! Бақытсыз және өз-өзіне сенбейді дейсің бе? – деді Мэнди күліп.

Мен Мэндиге қосыламын. Эйприлдің басқа кез келген күйде болуы мүмкін, бірақ ол өз-өзіне сенімсіз дегенді елестету қиын. Тіпті көңіл-күйі нашар болған күннің өзінде, менің ойымша, бұл оның сіңірін созып алғанына байланысты емес. Мен өзімнің күйім мен оның жай ғана сіңірін созып алған қалпын салыстыруға тырысып көрдім. Егер біреудің өзін-өзі сенімсіз сезінуге қақы болса, онда ол мен болатынмын.

Балдағына сүйеніп кетіп бара жатқан Эйприлге көз тастап, ойымның дұрыс еместігін түсіндім.

– Ал, тағы қандай ойларың бар? – деп сұрады Бэтси қайталап.

Мен басымды төмен салып, ойланып қалдым. Бізге әдеттен тыс бір нәрсе ойлап табу қажет еді. Мүлде өзгеше бір нәрсе. Және мұның бәрін баурап әкетуі қажет. Кенет маған бір тамаша ой келді. Өзіме күлімсірей қарап отырған Мэндиге көз тастадым.

– Ей, неменеге мәз болып отырсыңдар? – деп сұрады Бэтси.

– Мен бұған онша сенімді емеспін, – деді Мэнди күліп. – Бірақ мен Дарсидың бұл көзқарасының нені білдіретінін білемін: оның басына тамаша ой келді.

Иә, бұл керемет ой болатын, тіпті, олай болмаған күннің өзінде, бұл әдеттен тыс нәрсе еді. Мен сүлгімді үстел үстіне тастай салдым да, арбамды бұрып, шығар есікке қарай бет алдым. Мэнди соңымнан ілесті.

– Егер көмек қажет болса айтыңдар, – деді Бэтси артымыздан дауыстап.

11 тарау

– Ақ жайма?

– Бар! – деді Мэнди.

– Кір жаятын он бес құлашжіп?

– Бар!

– Бес киім ілгіш? Қатты қағаздар? Бояулар мен бояу жаққыштар? Қабырғадан алған солқылдақ шыбықтың қайда екенін қара.

– Бар, бар. Бәрі орнында.

Әке-шешем жатқан үй киім ілгіштер, құлаш-құлаш кір жаятын жіптер мен шпагат жіп орамдарына толып кетті.

– Бәрі ойдағыдай болады деп ойлайсың ба? – деп сұрады Мэнди маған сым темірді ұстатып жатып.

– Әрине, – деп жауап бердім мен. – Бірақ мыналар (мен қолыммен әлгі жатқан заттарды нұсқадым) тек бастамасы ғана...

– Балаларды көндіру қиын болады деп ойлайсың ба? – деді Мэнди.

– Иә, әсіресе, Эйприлді көндіру оңай болмас.

Мэнди өз шаруасына бар жан-тәнімен беріліп кетті.

– Эйприл? Хм. Ол Бэтси айтқандай өзін сенімсіз сезінеді деп ойлайсың ба?

– Оны қайдан білейін? – дедім мен. – Өмірден көргені көп дана қария емес, әлі баламын ғой. Әдетте Эйприл сахнадан «жұлдыздар» өзіне жарығын түсіруін тоқтатқанда ғана кететін. Оның бар болмысы осындай. Ал қызықты кешті балалармен бірге өткізуді тыныш отбасылық кешкі асқа айырбастай қояды немесе жылауық балалар сияқты «Вестерн түніне» қатысудан бас тартады деп ойлаудың өзі қиын. Бұл Эйприлге ұқсамайды.

Кемтар болудың қаншалықты қиын екенін білемін. Бірақ папам айтпақшы, әркімнің өз кемшілігі бар. Шынын айтқанда, адамдар сені өздері сияқты қабылдамаған кезде, бұл оншалықты жұбата қоймайды.

– Мұны кімнен естіп тұрмын? Шынымен де мұны айтып тұрған уайымдауды білмейтін, өзінің мүгедектер арбасында отырғанына пысқырып та қарамайтын Дарси ма? – Мэнди менің бетіме тіке қарады.

Мен тағы да терең күрсіндім. Қайран Мэнди! Соңғы кездері одан алыстап кеттім. Бірақ қазір үлкен ағаштар арасындағы үйде екеуден-екеу отырған кезімізде, ашық сөйлесетін сәт келді деп шештім:

– Мэнди, мен үнемі қалжыңдап, көңілді жүруге тырысамын. Бірақ басымда неше түрлі ойлар бар. Саған еш уақытта да білдірмеген ойларым туралы айтамын.

Мен оған мектептің соңғы күні колледж алдындағы қорқынышым туралы айтып бердім. Қорапшам және

лагердің алғашқы күндері басымнан өткізген жалғыздығым туралы да айттым. Тіпті, көбелектер туралы және өзімнің қаншалықты Құдайға жақындағаным жайлы да әңгімелеп бердім.

– Сен ойыңдағының бәрін менімен, ең жақын құрбыңмен емес, әлгі Қорапша мен ойыншық қоянмен бөлісіп жүрдің бе? – Мэнди маған кінәлай қарады.

– Мен қорықтым. Әсіресе, сендер Чип екеуің қатты достасып кеткеннен кейін.

– Қатты? – Мэнди күлді. – «Қатты» емес, жай ғана достастық. Дарси, нағыз досың ретінде маған сенші. Мен саған шынымды айтайын: Чипті мен емес, сен қызықтырасың.

Мен сасып қалдым.

– Мен қызықтырамын? Сен не туралы айтып тұрсың?

– Біз жорықтан қайтып оралған кезде, сен біздің жанымызға келген күнді есіңе алшы.

Мен басымды изедім. Сол күні олардың бөрене үстінде отырып алып, бір нәрселер жайлы сыбырласып отырғандарын көргенмін.

– Сонда сендер қос көгершінге ұқсап, шүйіркелесіп отырған болатынсыңдар.

Мэндидің көздері бақырайып кетті.

– Ақымақ, ол кезде біз сен туралы сөйлесіп отырғанбыз! Күтпеген жерде жол бойынан сен көрінген кезде, ол қалшыып тұрып қалды. Ол менен сенің жорық туралы жағымсыз оқиғаны ұмытуың үшін не істеуге болады деп сұрады және бұдан былай ешқашан сенен ажырамай жүруіме кеңес берді. Бұл сені аяғандығынан емес. Оның сенімен дос болғысы келеді.

Мен терлеп кеттім. Бірақ бәрін аяғына дейін білгім келіп жаным жай таппады:

– Ал оның күтуші жайлы орынсыз ескертпесі ше?

– Жәй ғана қалжың, Дарси. Орынсыз қалжыңнан басқа ештеңе емес.

Содан соң Мэнди Чиптің маған көмектесуді армандағанын, бірақ оны қалай істеуді білмегені туралы

әңгімеледі. Ол арбамды итеріп жүргені дұрыс па, әлде мен өздігімнен жүргенді ұнатамын ба, соны сұрапты. Оның кітаптарымды көтеріп жүргеніне қалай қараймын? Бұл менің көңіліме келмей ме? Арбамды итеріп, артымда жүргені ме, әлде жанымда жүргені дұрыс па? Қысқасы, ақымақ сұрақтар, бірақ Чип шынымен де менімен өзін қалай ұстауды білмепті.

Мэндиді тыңдап отырып, Чипті алғаш көрген кездерімді есіме алдым. Оған үнемі қызыға қарайтынмын және ол туралы құпия ойлайтынмын да. Бойы өсіп, өзі де әдемілене бастаған сайын, оған деген қызығушылығым да арта берді, әйтсе де, Чип мен үшін жақсы дос ретінде қала берген болатын. Бұған сенімді едім және сол себептен болар, өзім де байқамастан оны Мэндиден қызғана бастаған тәріздімін.

– Мектепте жүргенде арбаңның дөңгелегінің жарылып қалғаны есінде ме? – деді

Мэнди әңгімесін жалғастырып.

Мен сәл ыңғайсыздана басымды изедім.

– Чип оны оп-оңай ақ ауыстырып бере алар еді. Бірақ сен құралдарын алып, әкеңнің келуін талап етіп, отырып алдың. Ал Чиптің велосипедінің қобдишасында ондай құралдардың неше түрі бар еді. Тек ол өте ұялшақ, саған бір нәрсе айтудан қысылады.

– Чип – ұялшақ? Эйприл – өз-өзіне сенімсіз? Бұл дүниеге не болған? Әкемнің айтқаны дұрыс: әркімнің өз кемшілігі бар.

– Иә, ал саған келетін болсақ, сен балалардың көпші-лігінен бір табан жоғарысың. Сен Құдай және басқалар туралы да ойлайсың.

– Басқалар туралы? – деп дауыстап, сағатыма қарадым. – Мэнди! «Вестерн түні» бірнеше сағаттан соң басталуға тиіс, ал біз өз жоспарымыз туралы әлі балаларға айтқан да жоқпыз.

Біз тез жиналып, заттарымыздың бәрін үлкен сөмкеге салып алдық та, көшеге шықтық. Күннің ыстығы қайта бастапты.

Бэтси бізді жастар үйінің алдында күтіп алды.

– Неге сонша кешіктіңдер? – деді ол ашулана қолын сермеп. – Мен балаларға сендер бір тамаша көрініс ойлап тапты деп айтып қойдым. Ал сендер бізді бір жарым сағаттан аса уақыт күттіріп қойдыңдар.

– Жарайды! Тыңдаңдар! Сендерге мұның қандай ұсыныс екенін айтып берейін!

Балалар менің арбамның төңірегіне жиналып жатқан кезде, уақыттың аз қалғаны да жақсы болды деп ойладым, өйткені менің жоспарымды өзгертуге енді тым кеш болатын. Бәрінің ойдағыдай болатынын сездім. Сөйтіп, біз Мэнди екеуіміз әркімге өзінің рөлін түсіндіре бастадық.

Бір-екі минуттан соң Джеред басын шайқап, орнынан қарғып тұрды:

– Бұдан не шығарын білмеймін, – дей бергені сол екен, оны Польша да қостап:

– Иә. Оның үстіне менің де төрт аяқтап жүргім келіп тұрған жоқ, – деді. Тағы бірнеше қыздар да қарсылық білдіре бастады, бірақ сол сәтте Чип ортаға шығып:

– Меніңше, бұл өте тамаша ой. Бұл тамаша ұсыныс әрі оған балалардың бәрі қатыса алады. Мен мұны қолдаймын, – деді.

О! Мэнди екеуіміз бір-бірімізге жымыңдай көз тастадық. Чип өзімді қолдағаннан кейін ештеңеден де қорықпайтын едім. Бірақ бәрінен де мені Эйприл қатты таңдандырды.

– Дарси! Маған қойылымда осындай рөл бергеніңе қуаныштымын! – деді ол қуана күлімсіреп. – Сен шынымен де осы қойылымда менің басты рөлде ойнағаныңды қалайсың ба?

– Эйприл! Сен қандай ақылсыз едің? Мен қойылымымызды дәл осылай елестеткенмін! – дедім оны иығынан қағып.

Балалардың бірнешеуі қатты қағазды бояй бастады, ал арада біраз уақыт өткенде ол ескі, жабық арбаның қабырғасына ұқсап шыға келді. Қалған балалар кір

болып көрінуі үшін ақ жаймаларды аяқтарымен таптай бастады. Поль мен Джеред менің арбама сым темірден жасалған қаңқаны бекітті.

Мэнди қыздарға аттың құйрығы сияқты көрінуі үшін шаштарын қалай байлау керектігін көрсетті. Роситаның шашы қысқа болатын, сондықтан да оны біздің қойылымымызға лайық түрге келтіру үшін Эмидің біраз қиналуына тура келді. Поль мен Джеред кір жаятын жіптен өрілген жүгенді қыздардың бастарына салып, олардың аттың құйрығына ұқсас шаштарына қарап мез болып жүр.

Чип Эйприлдің беті мен иегіне күйе жағып жатыр. Эйприл бетін тыржытып:

– Фу! Мына бәлені жағудың қажеті қанша? – дейді.

– Осылай істеу керек! – деді Чип қолдарының күйесін сүртіп жатып. – Мойныңа мойын орамал тағып, иегіңе сақал жасап алған соң, нағыз рөлдегі алам боласың. Содан соң ол Эйприлдің басына өзі өрістен тауып алған ескі ковбой шляпасын кигізіп қойды. Қолына қамшы ұстаған Эйприл шынында да тамаша болып көрінеді. Джеред пен Польша былғанған жаймаларды менің арбамның үстіне құрылған қаңқаға тартып байлады. Жарқыраған арбам екеуміз біртіндеп декорациялардың астында көрінбей қалдық.

Балалар менің төңірегіме жиналып, беттеріне соңғы бояуларын жағып жатыр.

– Бәрің дайынсыңдар ма? – Бэтси қолын сілтеп қалды да, біз асхананы бетке алып жүріп кеттік.

Асхана есігінің алдына келіп тоқтадық. Кешігіп қалған екенбіз. Бәрі жиналып алыпты. Шыдай алмаған папам біздің алдымыздан шықты:

– Қайда жоғалып кеттіңдер? – деді ол. – Бәрі сендерді күтіп отыр.

Ол үндемей қалды да, біздің істегендерімізге қарай бастады.

– Ал Дарси қайда?

– Папа! Мен мұндамын! – дедім мен жаймалардың,

сым темірлер мен тіземде отырған Эйприлдің астынан.

Балалар өз орындарына жайғасты, ал Бэтси бәрін тексеріп шықты. Содан соң папам екеуі асхананың есігін ашты да, біз ішке кірдік.

Ең бірінші алдыңғы екі атты бейнелеп, төрт аяқтаған Мэнди мен Эми жүрді. Кір жаятын арқан оларға екінші жұп – Росита мен Джессиді жалғастырып тұр. Бастарын шайқағанда, бұрымдары аттың жалы сияқты желп-желп етеді. Кір жаятын арқанға шыдамсыз аттар тәрізді қолдарымен жер тарпып тұрған тағы екі қыз жегілген.

Олар ат арбаға айналған менің арбамды сүйреп келеді. Джеред пен Поль аса үлкен жұмыс атқарды. Олар боялған қатты қағазды жіптің көмегімен арбаға байлап қойған. Енді ол қазір нағыз ескі жабық күймеге ұқсап тұр.

Эйприл қолына шыбық ұстап, менің тіземде отыр. Ол басындағы ковбойлық шляпасын шешіп алып, асханада бізге қошемет көрсетіп отырғандарға бұлғап қояды.

Чип пен Джеред ковбой мен оның атын бейнелеп келеді. Олар төрт аяқтап, мөңіреген дыбыстар шығарып, шағын табынды бейнелеп жүрген балалардың қасына шауып барды. Кейбір сиырлардың басында мүйіздері де бар, балалар оны лагерь қабырғасынан шешіп алып, мойындарына байлап алған болатын.

Осылайша, біз бүкіл залды айналып шықтық. Эйприл шыбығын сермеп, аттарын айдап ысқырып келеді. Чип Джередтің үстінде отырып алып, аяғын тебініп-тебініп қояды. Содан соң біз қолына микрофон ұстап, ошақтың алдында тұрған бақташы Робдың жанына келіп тоқтадық.

Ол басын шайқап, рахаттана күліп тұр. Содан соң күлгенін тоқтатты да:

– «Вестерн түні» тамаша өтті десем, мұнымен бәрің де келісетін боларсыңдар деп ойлаймын. Біз кішкентай аттар, үндістер және ковбойлар мен олардың сүйкімді құрбыларының тобын көрдік. Бірақ бас сыйлықты жабық

күймені бейнелеген балалар тобы жеңіп алды, – деді. Содан соң ол микрофонды Эйприлге ұсынып:

– Ал, көшір, өзіңнің мұншама иелігіңді қалай басқарасың? – деп сұрады.

Эйприл:

– Мынаны көріп тұрсыз ба? – деп қолындағы солқылдақ шыбығын сермеп қойды.

Ата-аналардың бәрі күліп жіберді: «Жарайсың, Эйприл! Иә, ол колледждің драма үйірмесіне қабылдауға әбден лайық».

Содан соң балалар арқандарын шешіп, орындарынан тұрды. Эйприл балдақсыз тұра алмайтын еді. Балдақтарын әкеліп берген кезде, ол ақырындап тіземнен түсті де, мені таң қалдыра мойнымнан қатты құшақтап алды.

– Ой, мен сені былғап тастадым! – деп күлді менің түрімді көрсетіп.

Мен күйе жағылған бетімді сүрте бастадым. Бірақ бұл қорқынышты емес еді. Біз жеңіп шықтық қой! Бұған қоса, мен бір команда құрамында жеңіп шыққанымызға қуанышты едім. Тіпті, аяғын жарақаттап алған Эйприл де бізбен бірге болды.

Бэтси бізге жақындап келді. Ол да мені қатты құшақтады.

– Сенің басыңа мұндай тамаша ой қайдан келді?

– Шынында да жақсы болды, иә? – дедім мен айналада үйіліп жатқан сейсептер мен сым темірлерге көз тастап.

– Кел, мен саған күймеңнен шығуға көмектесейін, кешкі ас ішетін уақыт болды. Бәрі бізді күтіп отыр, – деді ол.

Мен үстелге жақындап келіп, балалардың бәрін:

– Жеңістерің құтты болсын, достар! – деп құттықтадым да, Чип пен Мэндидің ортасына барып орналастым. Бәрінің тамақ ішуге мұршалары келмей, қызу әңгімелесумен болды.

Эми Роситамен бір нәрсені талқылап жатыр. Тіпті,

Эйприлдің өзі сіңірінің созылғанын ұмытып кеткендей. Достарымның арасында отырып, өзімді жаман сезінуді тоқтаттым. Иә, менің олардан айырмашылығым бар, бірақ мен өз кемтарлығымды жек көрмеуді үйрендім. Өзімнің кемшілігімнің орнын толтырып, оны жақсы жағынан көрсетуді үйрендім. Әкемнің айтқаны рас: әркімнің өз кемшілігі бар. Мүмкін, менің кемшілігім өзгелердікіне қарағанда анығырақ көзге түсетін шығар. Бірақ бұл, менің түсінгенім бойынша, әр уақытта да жаман бола бермейді.

12 тарау

Лагердегі өміріміздің соңғы күні де келіп жетті. Бұл күні бізде таңертеңгілік жиналыс болмағандықтан, бірнеше отбасы таңғы астан кейін бірден қайтып кетті. Мен Бэтсисмен алдын ала қоштастым, ол менің арбама арнап лагердің суреті бейнеленген жапсырма қағазды сыйға тартты. Қазір алаудың қасында отырып алып, лагердің маған жетіспей тұратыны туралы ойланып отырдым, әрі уақыттың тез өтіп кеткеніне де өкіндім.

– Виллоубрукқа қайтуға жиналып қойдың ба? – деп сұрады Мэнди шатқал жақтан маған қарай беттеп келе жатып.

Оның алтындай сары бұрымы арқасындағы сөмкесінің үстінде ойнап келеді. Лагермен қоштасудың оған да ауыр тигеніне бәс тіге аламын.

– Жиналып қойдым! – дедім күрсініп, тіпті, Виллоубруктың да енді басқаша болып көрінетіні туралы ойлап. – Қызық, ондағы біздің бульдогымыз бен сиам мысығымыздың жағдайлары қалай екен?

Мэнди менің жанымдағы тастың үстіне отырды.

– Енді біздің көп уақытқа дейін олармен көрісуге уақытымыз болмайды. Тіпті, мектеп автобусының аялдамасы да қаланың екінші жағында.

Виллоубрук бастауыш мектебіне соңғы рет барғанымыздан бері бір ғасыр уақыт өтіп кеткендей. Күннің таңғы ыстық сәулесіне денемізді тосып, Мэнди екеуміз біраз уақыт үнсіз отырдық. Тыныштықты қаршығаның үні бұзып, даусы таулардан жаңғырып естілді. Баяу соққан жел қарағайдың бұталарын қозғап, кішкентай жаңғақ жерге құлап түсті. Иә, бұл біздің өміріміздегі тамаша уақыт болды. Сол сәтте мен осы сәттерді өмір бойына ұмытпаймын деп шештім.

– Кеше Эйприлді тізеңе отырғызып, оны арбакеш жасағаның тамаша болды!

– Бүгін оның жағдайы қалай екен?

– Біраз уақыт бұрын оның асханадан шығып бара жатқанын көргенмін. Менің ойымша, олар көп ұзамай кеткелі жатыр.

Мен Эйприл туралы ойладым. Үстіндегі шаң басқан киімдерін шешіп, тезірек душтың астына тұруды армандайтынына қарамастан, ол да лагерді қимай кетіп барады.

– Жақында маған өзіңнің Эйприл туралы, оның өзіне сенбейтіні туралы айтқаның есіңде ме?

– Иә! – деді Мэнди. – Сен де солай ойлайсың ба?

– Иә, мен солай деп ойлаймын. Бұған қоса, мен де, Чип те, бәріміз де өз-өзімізге сенімді есепсіз деп ойлаймын. Тек мұны мойындаудан қорқамыз.

Мэнди жерден бір кездері қауынқақ үшін даярланған таяқшаны алды да, жерге сыза бастады.

– Сен мені бұған сендіре алмайсың, – деді ол. – Өз-өзіне сенімсіз балалар әдетте топтың ықпалына ілігеді. Біздің жақсы болуымыз үшін ересектер бір нәрселерді істеуге мәжбүр етеді. Тек жақсы болып көріну үшін ғана менің олардың айтқанын істей бергім келмейді. Бірақ солай етуге тиіс болғандықтан, істеуге мәжбүр болатын нәрселерім бар. Яғни, мен де көпшіліктің еркіне бағынамын.

Мен оған таңдана қарадым.

– Жақында сен маған өз сырыңды аштың, енді мен саған сырымды айтып жауап берейін. Кейде, ылғи емес, бірақ кей кездері сенің арбаңды итеріп келе жатып, мен қандай қайырымды, елгезек, жақсы қызбын деп ойлайтын кездерім болады.

– Сен қалжыңдап тұрған боларсың, солай ма?

– Жоқ, қалжыңым емес, – деді ол күтпеген жерден байсалды үнмен.

Мен күле бастадым.

– Бұл жерде күлетін не бар?

Бұл мені одан әрмен көңілдендірді.

– Күлкіңді тоқтат! – деді Мэнди тағы да.

Ақыры мен күлуді доғарып:

– Енді мен Мэндидің де өз күнәсі бар екенін білемін, – дедім.

– Мүмкін, бірақ мен бұл туралы өзге біреудің білгенін қаламаймын.

– Әрине, бірақ бұл сенің өзіңе де ұнамайды және саған маза бермейді, солай ма?

Мэнди басын изеді.

Мен оның бетіне тура қарау үшін арбамды бұрдым.

– Тағы да не айтқым келетінін білесің бе? Соңғы кездері мен өзім үшін аса маңызды бір нәрсені түсіндім. Бізге келген аю есінде ме?

– Әрине, есімде.

– Сенесің бе, жоқ сенбейсің бе, бірақ мен оны кездейсоқ нәрсе деп ойламаймын. Аю – менің мінәжатыма берілген жауап, бірақ бұл жауап өзім күткеннен мүлде басқаша болды. Мэнди менің мұны не үшін айтып отырғанымды түсінбей, бетіме таңдана қарады.

Мен оған Құдайдан бір тірі хайуанды жіберуін сұрап мінәжат еткенімді айтып бердім.

– Кеше де... Сен білесің бе, жабық күйме туралы ой менің еңбегім емес, бұл да менің мінәжатыма берілген жауап деп ойлаймын. Мен жай ғана өзімді уайымдататын нәрсені – сал болып қалған аяқтарым

мен арбамды пайдаға асырмақ болдым. Әр нәрсені сол күйінше қабылдауға және оларды сырттай байқап көруге бел будым. Құдай маған өзімнің өзгелерге ұқсамайтындығымнан қандай пайда көруіме болатынын үйретті. Сен осының бәрінің бір мағынасы бар екенін байқадың ба?

Мэнди шынтағына сүйеніп, басын изеді.

– Мен Құдайдан өмірімде айрықша бір нәрсе жасауын өтіндім. Шындығында да, егер аюды маған Ол жіберген болса, онда «Вестерн түнін» қалай жақсы өткізуге болатыны жайлы ойды жіберу Оған түкке де тұрмайды.

– Жарайды, мүмкін аюмен және күймемен солай болған шығар, – Мэнди сәл ойланып қалды. – Мен не ойлайды дейсің бе? Біз өзімізге қиын болғанда, шаршағанда немесе әрі қарай не істерімізді білмеген кезде ғана мінәжат етеміз.

– Иә, сен мені түсінесің. Мен Құдайға мінәжатта бет бұруды және Оның жауабын күтуді осындай сәттерде үйрендім. Кейде оның жауап бермеуі де мүмкін. Ал кейде бірден жауап береді. Оның біз мүлде күтпеген жағдайда жауап беретін кездері де болады.

– Сен дәл бақташы Роб сияқты сөйлейсің, – деді Мэнди.

Машинаның сигнал берген дыбысы естілді. Бұл жүруге дайын болған Мэндидің ата-анасы еді. Мэнди орнынан тұрып, аяқ киімінің шаңын қақты да:

– Енді сенің мінәжаттың не екенін білетінің үшін қуаныштымын, – деді иығымнан қағып.

– Жақын күндерде колледжге оқуға барған кезде бәріміз де мінәжатқа мұқтаж болармыз деп ойлаймын. Джордан колледжі – бұл ойыншық емес.

Ол сүрлеумен машинаға қарай жүгіре жөнелді де, бір сәтке аялдап, маған қолын бұлғады.

13 тарау

«Қымбатты қорапша!

Қазір өзімнің бойымда не болып жатқанын саған түсіндіріп бере аламын деп ойлаймын. Лагердегі уақытымыз өте тамаша болды. Тіпті мен өзімді табиғаттың перзентімін деп шештім. Мүмкін, ержеткенде балалармен емес, орманшы болып жұмыс істейтін шығармын. Мен орманда өрттің болмауын қадағалайтын боламын (әрине, өрт мұнарасына көтеріп шығаратын қондырғы орнатуға мүмкін болған жағдайда).

Тауда жүрген кезде мен Құдай туралы көп ойладым. Мен онда кәдімгі аюмен кездестім және үнемі айналамызда көбелектер ұшып жүрді.

Қазір өзімді аяй бермей, өзгелер туралы ойлау керектігін жақсы түсіндім. Әрине, ертең мені үлкен сынақ – колледждегі жаңа оқу жылының басталуы күтіп тұр. Одан аздап жүрексінемін. Әке-шешемнің колледж басшылығымен менің арбама қатысты мәселелердің бәрі жөнінде келісіп қойғанына қарамастан, онда мен үшін көптеген қиындықтар туындайтынын білемін».

Ал дәптеріме өзімнен басқа ешкім көрмейтіндей етіп мынадай жолдарды жазып қойдым: «Иса Өзінің үнемі менімен бірге болатынын және еш уақытта тастап кетпейтінін айтты. Ол колледжге менімен бірге барады деп үміттенемін. Сенің Дарсиың».

Хатты әдемілеп бүктедім де, қорапшадағы өзге хаттардың қатарына қойдым. Содан соң ұйықтауға дайындала бастадым.

Ертең өзім жақсы көретін ашық түсті джинсы шалбарым мен бәтіңкемнің бауымен бір түстес алқызыл кеудешемді кимек болдым. Маусымнан бері қарай жап-жақсы болып өсіп қалған шашымды енді әдемі бұрым етіп өріп, сәнді шаш қыстырғыштар тағып қоюыма болады. Тек құлағыма не тағарымды білмей көп ойландым. Шеңбер сияқтас алтын сырғаны ма, әлде,

желімнен жасалған сырғаларымды ма? Ал туған күніме Моника сыйға тартқан моншақты міндетті түрде тағамын деп шештім.

Мен бәрін егжей-тегжейлі ойластырып қойдым да, тағы да өзімнің қатты толқып отырғанымды сезіндім. Мамам келіп, маған жатуға көмектесті. Ол менің айналама және тіземнің астына жастықтар қойды. Содан соң шашымнан сипады да, шамды өшіріп шығып кетті.

Менің ұйықтамақ болып тырысқанымнан ештеңе шықпады. Жуынатын бөлмеде Мониканың тіс тазалап жатқанын естідім. Бұл мені тағы да әке-шешем мен колледж әкімшілігінің сендіргеніне қарамастан, бәлім, онда өзіме-өзім қызмет көрсетуім қиын болар деген көңілсіз ойларға алып келді. Шынымен-ақ, солай болса ше? Онда әкем мен шешем болмайды ғой.

Осылайша, ұйықтай алмай, бір сағат шамасында әр түрлі нәрселерді ойлаумен жаттым. Мұғалімдерімді жақсы көріп кете аламын ба? Ал олар ше? Балалармен достасып кете аламын ба? Чиппен немесе Мэндимен, тіпті болмағанда, Эйприлмен бір сыныпқа түсем бе? Асхана үстелі менің отыруыма ыңғайлы ма? Балалар менің дене шынықтыру пәнінде өздерімен бірге емес, мүгедектерге арналған арнайы бағдарлама бойынша жаттығатыныма қалай қарайды?

Мен колледждегі қабырға шкафтарының биіктігі қандай болатынынан бастап, кітапхана сөрелеріне бойым жететін-жетпейтініне дейін ойлаумен болдым. Сөйтіп жатып, ақыры ұйықтап кеттім. Түні бойы түсіме сынып бөлмелеріне эскалатормен қалай ауысып жүргенім кіріп шықты, бірақ ол көбінесе теріс бағытқа жүріп кете береді екен.

Мен жақсы тыныға алмасам да, келесі күні өте ерте ояндым. Моника душқа түсіп жатыр екен. Сабақтың басталуына әлі екі сағат бар екеніне қарамастан, Джош өзінің сөмкесін дайындауда. Ас үйде мамамның жұмыртқа қуырып жатқанын естідім. Әкем де жұмысына

баруға дайындалып жатыр. Бәрі әдеттегідей болатын, бірақ бүгін мен үшін ерекше бір нәрсе болатыны туралы ойламай тұра алмадым.

Мен Мэнди, Чип және басқа балалармен бірге мектеп автобусымен бара алмайтын едім. Өйткені онда менің арбам шығып-түсетін қондырғы жоқ болатын. Мені колледжеге машинасымен мамам алып барады. Осы кезде мен тағы да жүрегімнің сыздап кеткенін сездім. Біздің микроавтобусымыздың колледж ауласына кіріп тоқтап, мамамның менің машинадан шығуыма көмектесіп жатқанын елестеттім. Мен, тіпті, өзіме бұрылып қарап жатқан балалардың түрін көргендей болдым.

Моника шашын сүртіп, жуынатын бөлмеден шықты. Ол менің шалбарымды киюіме көмектесті.

– Арбаңа отыруға көмектесейін бе?

Ол менің аяқ киімімді кигізді де, арбаны төсегімнің жанына сүйреп келді. Содан соң менің аяғымды көтерді, ал мен арбаның шынтақ қойғышынан ұстап арбаның үстіне отырдым.

– Тағы да бір нәрсе қажет пе? – деп сұрады ол құлап қалған орамалды көтеріп жатып.

– Менің қызыл кеудешемді бере салшы! – дедім иегіммен шкаф жақты нұсқап.

Моника киім ілгіштен кеудешені алды.

– Колледжді ойлап уайымдап отырсың ба?

Тағы да бұл күнді Дарсиге аяушылық көрсету күні деп жарияламауы үшін оған өз көңіл-күйімді қалай түсіндірерімді білмедім. Мен оптимист болуға бел будым.

– Жоқ, мен колледждегі оқудың басталғанына қуаныштымын. Уайымдап тұр дегенді қайдан шығардың?

– Өйткені бұл сенің өміріңнің жаңа кезеңі ғой, – ол маған қарап күлімсіреді де, сөмкесінен әдемі қорапшалы алып шықты. – Мынау саған.

– Мұның маған қажеті қанша? – дедім мен оны айналдыра қарап тұрып. – Мұны мамам екеуің қолданасыңдар, ал мен әзірге оны пайдаланбаймын.

– Сенің де бізге қосылатын уақытың болды, – деді Моника күліп. – Бұл саған керек болады, әлі көресің.

Колледжге бара жатқан жолда мен өзімді алда не күтіп тұрғаны жайлы ойлаумен болдым. Сірә, алдымен директордың бөлмесіне кіріп, маған біреудің колледжді, ненің қайда екенін, үзіліс кезінде бір бөлмеден екінші бөлмеге қалай тез ауысуға болатынын көрсетуін өтінгенім жөн болар. Мұндай жағдайда мен колледждің құрылымын тез біліп алған болар едім, бірақ екінші жағынан ондағылардың өзіме ереше назар аударғанын да қаламаймын. Балалардың мені сыныптан-сыныпқа қолымнан ұстап, жетелеп жүргенін бәрінің көргендерін қаламас едім.

Колледждің ауласына келіп кірген кезде, ондағы түрлі ғимараттардың көптігіне таңқалдым. Бірде ағайымның үйіне бара жатып, Джордан колледжінің жанынан өткен болатынбыз, бірақ ол кезде колледж мүлде басқаша болып көрінген.

Мамам машинасын мектеп автобустарының тұрағының жанына қойды да, менің машинадан шығуыма көмектесті. Түсіп келе жатып, жан-жағыма көз тастадым. Жанымыздан балалар өтіп жатты, бірақ олардың ешқайсысы бізге бұрылып қараған жоқ. Кейбірі ғана маған байқатпай, көздерінің астымен қарап бара жатты. Оған қарап тұрғанымды көргенін қаламасам да, мен көзіммен Чипті іздедім.

Иә, біреулердің өзіме қызықтай қарағаны маған онша ұнамайды. Мен олардың бірінің жанымнан өтіп бара жатып: «Ей! Мынадай жарқыраған тамаша арбаны қайдан тауып алғансың?» – деген сияқты бір нәрсе айтқанын артық көрер едім.

Балалардың көбі мені іштей аяйтынын сезініп, өзімді қоярға жер таппадым. Өзіме сенімсіз едім, бірақ енді мұндай аяушылыққа назар аудармауға бекіндім.

Дәптерлерімді арбаның орындығына қойдым да, мамама қолымды бұлғап, колледжге қарай қозғалдым.

– Дарси! Мүмкін, сені ертіп апарармын? – деді мамам артымнан дауыстап.

– Қажет емес, мама! Өзім барамын! – дедім мамама үнемі тамаша болып шығатын сенімді күлкімен. – Қазір мен директордың бөлмесіне барамын.

Сабақтың алғашқы күні өз бетіммен қозғалу мен үшін аса маңызды еді.

– Жарайды, қызым! Сағат үштерде келіп алып кетемін.

Мен колледжге кіріп жатқан балалардың қатарына қосылдым. Колледж дәлізінен: «Джордан колледжіне хош келдіңіздер!» – деген жазуы бар үлкен, әдемі плакатты байқадым. Солға қарай бұрылып, директордың бөлмесінің есігін көрдім. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз менің біраз күте тұруымды өтінді.

Арада көп уақыт өтпей ұзын бойлы, үстіне қара костюм киген адам есікті ашты. Ол маған күлімсіреп, өзін Пек мырза деп таныстырды да, қолымды қысты. Бұған дейін ересектерден онша көп адам менің қолымды алып амандаспаған еді.

– Ал, де Ангелис бикеш! Сіз – Джордан колледжінде білім алатын алғашқы мүгедек-студентсіз, - деді ол маған мен дәл бір үлкен рекордты жаңғыртқандай түрмен қарап.

Маған өзіме айтылған «студент» деген сөз қатты ұнады. Колледжде қолданылатын кейбір сөздер мектептегіге қарағанда жақсы естілетіні жөнінде Эйприлмен келісуге даяр едім. «Студент» деген сөз «оқушыға» қарағанда құлаққа жақсы естіледі. Бірақ мен әлі «алғашқы мүгедек» болудың өзіме ұнайтын-ұнамайтынын түсіне қойған жоқ едім. Онда әділетсіз немесе қорлайтындай ештеңе болмағанымен, бұл сөз менің құлағыма жағымсыз естілді. Неге екені белгісіз,

мен «еңбекке жарамсыз» деген сөзді артығырақ көретін едім.

– Біз сіздің ата-анаңызбен бәрін келісіп қойғанбыз, менің ойымша, бұл жерде сізге жақсы болады.

Ол маған сынып бөлмелерінің қайда болатынын түсіндірді және олардың сызба қағазын берді. Менің сынып бөлмелерін сол сызбаға қарап тауып алуыма болатын. Сонымен қатар ол мұғалімдердің менің еркін жүре алуым үшін парталардың арасын арнайы кеңейтіп қойғанын айтты. Мүмкін, мұндай қамқорлықтан маған колледжде оқыған ұнап та қалар.

Қабылдау бөлмесінен шығып, колледждің эмблемасы – қоладан құйылған үлкен қабыланның бейнесі ілінген кірпіш қабырғаның жанынан өттім.

Дәлізде балалар көп екен, олардың кейбірі қолдарына менікі сияқты сызба қағаз ұстап алыпты.

– Дарси! Тоқтай тұр! – деген таныс дауыс естілді.

Мен артқа бұрылып, балалардың арасымен өтіп келе жатқан Чипті көрдім. Күтпеген жерден мен колледжден емес, Чипке бола мазасызданып жүргенімді түсіндім. Чип нағыз студентке ұқсайды. Жаңа кеудешесі мен барқыт шалбары оны ересек етіп көрсетеді. Оған не айтсам екен?

– Байқаймын, сен колледжге үйреніп қалыпсың, – деді ол. – Мэнди сені мамаңның алып келгенін айтты.

Мен неге екені белгісіз, қызарып кеттім.

– Иә. Онда тұрған не бар? – бұл сөздерді оның назарын басқа бір нәрсеге аудару үшін қолымдағы сызбаға қарап отырып, тез-тез айтып шықтым.

Дәлізді бойлап келе жатып, Чип екеуіміз сабақ кестелерімізді салыстырдық. Бізде испан тілі сабағы сәйкес келеді екен. Ол егер мұғалім балалардың орнын өзі белгілімейтін болса, бірге отыратын шығармыз деді. Содан соң менімен қоштасып, өзінің аудиториясына кетті.

Мен өз құлағыма өзім сенбедім. Чиптің менімен отырғысы келеді! «Бәрі мен ойлағаннан да жақсы болып келе жатыр», – деп ойладым мен.

Мен оңға – «жалпы пәндер» өтетін жүз екінші бөлмеге қарай бұрылып, өзімді алғаш рет колледждің студенті ретінде сезіндім. Бөлмедегі парталар ыңғайсыз болып шықты – олар орындықтармен жалғасқан екен. Сондықтан мен онда сиып отыра алмадым. Көзіне көзілдірік таққан, сырттай қарағанда қатал болып көрінетін мұғалима маған арт жаққа, кітап үстеліне отыруды ұсынды. Бұл уақытша ғана деп түсіндірді ол, бірақ бұдан менің жағдайым жеңілдей қойған жоқ. Тағы да өзімді кембағал сезіндім.

Келесі сабақ екінші қабаттағы әдебиет бөлмесінде өтуге тиіс болатын. Еш қиындығы жоқ деп ойладым мен Пек мырза көрсеткен лифтіге қарай кетіп бара жатып. Лифтіні шақырып, күтіп тұрдым. Қоңырау соғылып, дәліздер босап қалды, ал мен лифтінің жабық есігінің алдында әлі тұрмын. Еден сыпырушы әйелдің келіп, оның бір сағат бұрын сынып қалғанын айтқаны абырой болды.

Мен көзімнен жасым ағып, Пек мырзаның бөлмесіне қарай беттедім. Ол мұғалімге менің неге кешіккенімді түсіндіру үшін және әдебиет кітабым мен үй тапсырмамды алдыру үшін сыныбыма адам жіберді. Қандай масқара! Шынымен-ақ, мұндай жағдайлар жиі болып тұра ма?

Мен бос бөлмеде үй тапсырмасына дайындалып отырып, еш нәрсе туралы ойламауға тырыстым. Сабақтың алғашқы күнінде үй тапсырмасын даярлау! Иә, бұл Виллоубруктың бастауыш мектебі емес еді.

Одан кейінгі уақытым бұдан да жаман болды. Қоңырау соғылған кезде оқулықтарымды қою үшін өзімнің шкафыма бардым. Шкафты көріп, есім шығып кетті: ол менің бойым жетпейтін биік жерге орналасыпты! Мен бұрылып алып, директорға қарай жүрдім.

Бірақ жолда келе жатып, ойымнан айныдым да, сабама түсуге тырытым. Сөйттім де, жуынатын бөлмеге қарай жүрдім. Ол жерге жеткенде, көңіл-күйім тағы түсіп кетті – айналардың да биік ілінгені сондай, мен өзімді көре алмайды екенмін, бұған қоса, оның алдында шаштарын тарап, сәнденіп жатқан қыздардың арасынан өтіп барудың өзі қиын болатын.

Бұған аса көңіл аудармауға бел будым. Кенет есіме Мониканың берген сыйлығы – кішкентай айнасы бар опа-далап қорапшасы түсті. Оның айнасына қарадым да, қайтадан қалтама салып қойдым. Моника оны маған боянып, балаларға әдемі болып көрінуім үшін сыйлады. Маған өз сыйлығының осындай қиын сәтте көмегі тиетінін ол сезген де жоқ.

Түскі ас кезінде Мэндимен кездестім. Екеуміздің үзілісіміздің сәйкес келгеніне қатты қуандым. Бірақ бұл жерде де бізді үлкен сынақ күтіп тұр екен – асхананың орындықтары арбаммен орналаса алатындай емес, өте ыңғайсыз екен. Біз тағамдарымызды қолымызға алып, аулаға шықтық. Мэнди кірпіштің үстіне барып отырды, ал мен оның қасына тоқтадым.

– Білесің бе, математикадан беретін апайымыз сондай күлкілі... Тағы маған билолгия сабағы ұнады. Бірақ бізді бақаларды немесе басқа бір жәндіктерді союға мәжбүр етсе ше? – Мэнди селк етіп, қолындағы бутербродын түсіріп ала жаздады. – Бірінші сабақта Эмиді, ал екінші сабақта Джередті жолықтырдым.

– Ал мен сыныбымда әлі ешкімді танымаймын.

– Кешір, Дарси! Ал сенің жағдайың қалай?

– Шынымды айтсам, – дедім мен тіземде жатқан бутербродтан көзімді алмай отырып, – бәрі мен ойлағаннан анағұрлым қиын болып шықты.

Оған бүгінгі басымнан өткен жайлардың бәрін айтып бердім.

– Бірақ мен бұл үшін көңілімді түсірмеуге тырысамын.

– Мұның бәрі – эмоциялар, – деді Мэнди аузын шайнаңдатып.

Біз сабақ кестелерімізді салыстырдық, қырсыққанда бір сабағымыз да сәйкес келмейлі екен.

Енді Мэнди екеуміз тек түскі ас уақытында ғана кездесе аламыз. Бірақ, мүмкін, алдағы уақытта Мэндидің менің жанымда, аулада емес, балалармен бірге үстел басында отырғысы келер. Бұл ойдан кейін мен тағы да мұңайып қалдым.

Бутербродым желінбей қалды. Түскі ас мен үшін тағы бір қолайсыздық әкелді.

14 тарау

Күннің қалған бөлігі де мен үшін аса жақсы бола қойған жоқ. Ренішімді жасыруға тырысып, испан тілі сабағы өтетін бөлмеге қарай беттедім. Өзімді өте нашар сезініп келемін. Мүмкін бүгінгі күнімнің тым ауыр болғанынан немесе Чипті қатты көргім келгендігінен болар.

Бірақ бұл маңызды емес. Мен келген кезде мұғалима балалардың тізімінің жартысын оқып қойыпты. Чип бірінші партадан орын алыпты. Ал менің орным қарама-қарсы бұрышта болып шықты. Ол маған қарындашын бұлғап қойды.

Бұл Лопес ханым тақтаға әлденелерді жазып, испан тілінде біз түсінбейтін бір нәрселерді айтып жатқан кез болатын. Мен енді үмітім ақталмайды және біз Чип екеуміз ешқашан бірге отырмаймыз деген қорытынды жасадым.

Испан тілі басқа сабақтардың ішіндегі ең қиыны болып шықты. Бұған қоса қоңыраудан соң Лопес ханым бізді ұстап қалды. Содан соң балалар келесі сабаққа үлгіру үшін бөлмеден оқтай атылып шығуға мәжбүр болды. Чиптің менімен қоштасуға да мұршасы келмеді.

Мен күрсініп, кітаптарымды тіземе қойдым да, ақырындап бөлмеден шықтым. Бұл күнгі соңғы сабағым қарсы бөлмеде болатын.

– Ей! Сені көргеніме қуаныштымын! – деген дауыс естілді.

Мен бұрылып, артыма қарадым. Сәндене киініп алған Эйприл екен, қолындағы балдақтарын әлі тастамапты.

– Таяқтарыңды әлі тастамағансың ба? – дедім мен күліп.

– Иә, әлі бір апта қиналуыма тура келеді, – деді Эйприл мұның бәрінен шаршағанын түрімен көрсетуге тырысып.

Біз колледжде кездескенімізге қуанышты екендігімізді айтып, бөлмеге кірдік.

– Саған бұл жер ұнады ма? – деп сұрадым менімен қатарласа артқы партаға отырып жатқан Эйприлден.

– Лифтінің сынып қалғаны болмаса, қалғаны жаман емес! – деді ол.

– Айтпа! – дедім қуана. Сынған лифт менің ғана емес, әлі ақсап жүрген Эйприлдің де қиындығы болғанына қуандым. Әрине, мен оның сыныбына жетуінің қиын болғанына қуанған жоқпын, тек мен үшін өз қиындықтарымды біреудің түсінгені ұнамды еді.

– Бақытыма қарай, – деді ол сөзін жалғастырып, – сол сәтте Чип пен Поль баспалдақпен көтеріліп келе жатыр екен.

– Иә?

– Иә! Олар менің екінші қабатқа көтерілуіме көмектесті.

– Жолың болған екен! – дедім мен бұл хабардың өзіме жағымсыз тигенін сезіп. Тағы да бір кішкентай қолайсыз жағдай. Мұғалімнің айтқандарына бар назарымды аударуға қанша тырысқаныммен, мен үшін математика сабағының да берекесі кетті.

Колледждегі алғашқы күнімнің соңғы сабағы сағат үшке бес минут қалғанда аяқталды. Көңілсіздік басып,

қатты шаршап, өзіме көрсетілген шкафқа бардым. Бар заттарымды сөмкеме салып, оны арбамның тұтқасына ілдім де, колледжді айналып шықтым.

Балалар таңертеңге қарағанда көңілді. Олар бір-бірлеріне сөмкелерін лақтырысып, автобус аялдамасына қарай шуылдап ойнап барады.

Мен көлік тұрағының жанына келіп, мамамды күте бастадым. Автобустар бірінің артынан бірі жан-жаққа тарап кетіп жатыр. Мэнди мен Чип отырып кеткен 342 нөмірлі автобуска назарымды аудардым. Олар да мені байқап, қолдарын бұлғайтын шығар деген оймен автобустың артынан қарап тұрдым. Мамам кешіге бастады.

Колледждің ауласы босап қалды. Тек анда-санда әрі-бері өтіп жатқан жүргіншілер ғана көрінеді. Баяу жел ағаштардың басын тербетіп тұр. Мен аспанға қарап, оның әдеттен тыс көкпенбек болып тұрғанына таңдандым. Төбеден үлкен бір бұлт қалықтап өтті де, ағаш жапырақтары тағы да сыбдыр қақты. Мен терең күрсіндім. Көңіл-күйімнің нашар болғаны сондай, тіпті, өлгім келді. Дәл сол сәтте жол бойында ұшып жүрген көбелекті байқадым. Ол мың құбылып, маған қарай қалықтап ұшып келе жатты. Басымды шалқайтып, көбелекті әлемдегі ең бір таңқаларлық нәрсені көріп тұрғандай қызыға бақылады.

Күтпеген жерден осы жазда алған сабақтарымның бәрі есіме түсті. Менімен Құдай бірге болды ғой! Ал мен бұл туралы тағы да ұмытып кеттім.

Егер осы сабақтарды жақсы меңгергенімде, онда Исаның мінажатқа кейде біздің күткенімізден басқаша жауап беретінін есте ұстаған болар едім. Оның жауаптары, әсіресе, менің мінежатыма жауабы үнемі күтпеген жерден болады.

Күтпеген жауаптар. Мен тағы да әкемнің жақсы көретін: «Әркімнің бір кемшілігі бар», – деген сөздерін есіме алдым. Бүгінгі күнімді, колледжде көрген адамдарымның бәрін: азиат балаларды, математика

сабағындағы қызды, қоғамдық ғылымдар сабағындағы қалың көзілдірікті баланы, тістерін түзету үшін ауыздарына пластинка қойдырып алған бірнеше баланы, бәрін-бәрін көз алдыма елестеттім. Әсіресе Чип олардың арасында өзінің ұзын бойымен ерекше көзге түседі.

Көбелек мені айнала біраз ұшып жүрді де, жөніне кетті. Сол сәтте біздің ескі машинамызбен мамам да келіп тоқтады. Көбелегімнің қасымнан ұшып кетіп бара жатқанын көріп, менің көздеріме жас келіп қалды.

Құдай мені ұмытқан жоқ! Ол мені өз қайғыммен жалғыз тастап кеткен жоқ. Ертең де бәрінің жақсы болатынына сенімдімін. Мен Құдайдан айрықша бір нәрсені күтетін боламын.

Джоннидің соңғы сөзі

Қымбатты дос, сенің Дарси сияқты қызға көмектесуден бас тартпайтыныңды білемін. Ол – өте тамаша қыз, солай емес пе? Сен оның арбасын итеруге немесе оның бір жерден екінші жерге ауысуына қуана көмектесесің.

Егер сенің осындай кембағал досың бар болса, онда саған онымен қалай жақсы қарым-қатынас жасау керектігі жайлы бірнеше кеңес бере аламын. Мені жақсылап тыңдап, өзіңнің еңбекке жарамсыз досыңа қолыңды соз. Сен оған қуаныш сыйлап қана қоймайсың, өзің де бұдан үлкен қуанышқа кенелесің.

Қолыңа су мен шүберек алып, оның арбасын жу да, содан соң оны жалтыратып сүртіп бер. Үлкендер өздерінің машиналарын үнемі жуып, жалтыратып қояды. Неге мүгедек арбасында отыратын балалардың арбасы мен оның дөңгелектері де солай жалтылдап тұрмасқа?

Мүгедектер арбасын дұрыс итеріп жүруді үйрен. Бұл жерде сен баса назар аударатын бірнеше жайт бар: сен арбаны айдап жүретін жолыңды алдын ала белгілеп алуға тиіссің. Ол жолда шұңқырлар немесе шалшық

сулардың болмағаны абзал. Өз досың үшін жақсы және қауіпсіз жолды таңдап ал.

Досыңа биік сәреден кітап алу немесе түсіп кеткен затын көтеруге көмек керек болған сәттерде аса елгезек бол. Мүмкін, оның тізесінде жатқан кітаптар онда сыймай жатқан болар. Тағы қандай көмегіңді тигізе алатыныңды қара.

Мүгедектер арбасында отырған досыңмен сөйлескен кезде ол саған қараймын деп, бұрылып жүрмесі үшін оның артына тұрма. Әрқашан оның алдында тұр.

Сен одан не болғаны туралы сұрай аласың, бірақ есінде болсын, олар өздерінің науқасы, балдақтары немесе арбалары туралы ғана емес, спорт, телебағдарламалар, түрлі ойын-сауықтар туралы әңгімелескенді де ұнатады.

Кемтар досыңның Құдайға деген көзқарасы жайлы туралы сұра. Тәни кемшілігі бар балалар жиі жалғызсырайды. Олар өздерімен әңгімелесіп, бірге мінәжат еткенді қалайды.

Осының бәрін алдын ала ойластыр. Егер сен өзіңнің кемтар досыңды бір жаққа, мысалы, қауымға апармақ болсаң, онда алдымен оның арбасы есіктен сия ма, соны тексер. Ал кафе столының артына орналаса ала ма? Егер олай болмаса, онда мұғалімнен немесе басқа ересек адамдардан оған көмектесулерін өтін. Есінде болсын, егер қатты қалайтын болсаң, онда қолдан келмейтін нәрсе жоқ.


*Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңіз, әлде
сұрақтарыңыз болса,
мына мекеен жайға жазыңыз:*

050031 Алматы
п/ж 68
«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

www.tabisu.kz



**«БҮГІНГІ КҮНДІ
ДАРСИГЕ
ЖАНАШЫРЛЫҚ
КӨРСЕТЕТІН
КҮН ДЕП
ЖАРИЯЛАЙЫҚ».**



Дарси өзгелердікіне ұқсамайтын өз өмірінен мезі болды. Барлық кезде көңілді болып көрінуге күш салудан шаршады. Оған әсіресе өз атына айтылатын аяусыз ескертулерді тыңдау ауыр еді. Демалыс орнында болған күндері Дарси күтпеген олжаға тап болғандай күй кешті. Бұл жерде сиыну жайлы, достары, өзі және Құдай жайлы бұрынғысынан тереңірек танып білді.

ДЖОНИ ЭРОКСОН ТАДА мүгедектер арбасына он жеті жасында таңылды. Өз тағдыры жайлы ол «Джони», «Келесі қадам» және «Джони» фильмінде баяндайды.

